



Газет
1932 жылдан
бастап
шығады

...Ел бірлігін сақтаған таттулықты айт.
Жамбыл



№ 38 (5873)
23 қыркүйек
сенбі, 2017 жыл

АТАМЕКЕН

Жамбыл аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық басылым atameken1932@mail.ru

Қарияң – қымбат қазынаң

республикалық Ардагерлер Ұйымының
ҮНДЕУІ

Осыдан 27 жыл бұрын, яғни, 1990 жылы желтоқсан айының он төртінші жұлдызында БҰҰ Бас Ассамблеясы 1 қазанды «Халықаралық қарттар күні» деп жариялаған болатын. Содан бері елімізде жылдан жылға «Қарттар күні» дәстүрлі аталып өтуде. Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Халқымызда “Қариясы бар елдің қазынасы бар”, «Көп жасаған қария, ақылы теңіз дария» – деген киелі сөз бар. Қазақ халқының дәстүрінде үлкенді сыйлап, ақылын тыңдап, алдынан кесе көлденең өтпеген. Аға буынның мол тәжірибесі, сарқылмас даналығы және орасан күш-қуаты әрбір жанұяға ғана емес бүкіл қоғамға пайдалы маңызды фактор болып табылады. Олар қоғамның дамуына белсене араласып, Қазақстанның іргетасын қалауға әрдайым өз үлестерін қосып келеді. Әлбетте, тәуелсіз еліміздің бүгінгі жетістіктері, болашаққа тыныш та, еркін және қауіпсіз өмір сыйлаған ардагерлердің ерен еңбегімен, қажырлы жігерінің арқасы екені анық.

Жасы ұлғайған шағында әрбір қария өзіне бөлінер көңілге, мейірім мен көмекке зәру. Көп ұлтты Қазақстан ардагерлері, Елбасының саясатын әрдайым қолдайды. Қазақстанда ел ардагерлерінің басын біріктіретін республикалық Ардагерлер ұйымы бар. Бұл ұйымның құрылғанына биыл 30 жыл толды.

Бүгінде отыз жылдық тарихы бар ұйым құрамында 1,8 млн. астам ардагерлер бар. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың саясатына сай елімізде қарттарға лайықты құрмет пен қамқорлық көрсетіліп келеді. Зейнетақы мен жәрдемақы мөлшерлерін көбейтуге байланысты қабылдаған шаралары Қазақстанды ТМД елдерінің арасындағы жоғарғы зейнетақы төлеу деңгейіне көтерді. Дегенмен, елімізде әлі де болса әлеуметтік көмекке мұқтаж егде адамдар да бар.

Халықаралық қарттар күні қарсаңында «Қазақстан Республикасы Ардагерлер Ұйымы» Қоғамдық Бірлестігінің Орталық кеңесі еліміздегі барлық кәсіпкерлерге, еңбек ұжымдары басшыларына ардагерлерге көмек көрсетіп, олар үшін осы атаулы күнді ерекше мерекеге айналдыруға Үндеу жолдаймыз.

Кім де кімнің үйінде қартайып отырған әке-шешесі немесе атасы мен әжесі секілді қымбатты «қонағы» болса, ол үйіне олардан артық құдайдың құрметті өкілі келеді деп ойламасын, егер үйдің иесі оларға дұрыс қарап, қамқорлық жасаса, қартайған ата-анасы оның отбасының құты болып табылады. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ, ол – ұрпақ көргендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты. «Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деген сөз бар. Жастарымыз ата-анасының қадірін мейлінше түсінсе дейміз. Осы бағытта көмекке мұқтаж қарттарымызды ел болып қамқорлыққа алайық. «Көп түкірсе – көл», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген халқымызда жақсы мақал бар. Ендеше, бір жұдырықтай жұмыла қимылдап елдігімізді көрсетейік. Еліміздің барлық өңіріндегі ардагерлер ұйымымен байланыс жасап, көмекке зәру егде адамдардың тізімін алып мүмкіндікке қарай қаржылай, материалдық жағынан көмек көрсетіп өз үлесіңізді қосуға шақырамыз.

Келешекке бей-жай қарамайтын, елін-жерін, Отанын сүйетін патриот азаматтардың белсенділігі арқасында еліміздің болашағы жарқын болары анық. Ардагерлердің Үндеуі түсіністікпен қабылданады деген сенімдеміз.

Қазақстан Республикасы Ардагерлер Ұйымы Орталық кеңесі.

◆ Дидарғайып

Жуырда грек-рим күресінен Олимпиада және әлем чемпионы, Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Алматы облыстық мәслихатының депутаты Жақсылық Үшкемпіров Ұлттық Ұланның Бауыржан Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлімінде қонақта болып, «Әскери бөлімнің құрметті қонақтары» кітабына өз қолтаңбасын қалдырды.

ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТ – АБЫРОЙЛЫ МІНДЕТ



Бұнымен қоса Жақсылық Өмірәліұлы әскери бөлімнің тыныс-тіршілігімен танысып қана қоймай, Отан алдындағы борышын өтеп жүрген сарбаздармен кездесіп, оларды Анттарына адал болуға, халқына қалтқысыз қызмет етуге шақырды.

Ол өз сөзінде: «Мен бұл әскери бөлімді бұрыннан білемін, осында бұрын да болғанмын, сондықтан әскери бөлімге қандай жүк артылып, қандай міндеттер атқаратынын ел қатарлы жақсы білемін. Ұлттық Ұлан қатарына кіргелі де даңқты қолбасшы Бауыржан

Момышұлы атындағы бұл әскери бөлім өз абыройына кір келтірген емес, қайта күн санап ілгерілеп келеді. Сарбаздары да мығым, кез келген міндеттерді атқаруға әзір екенін үнемі дәлелдеуде», – деп, кез келген төтенше оқиғалар кезінде жедел әрекет етіп, халқының қорғанына айналған ұландық құтқарушыларға алғысын білдірді.

Айдос САҒЫНДЫҚҰЛЫ,
лейтенант.

◆ Қазақстан Республикасы Халықтарының тілдер күніне орай

ТІЛ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ БОЛСЫН

«Тілім менің тірлігімнің айғағы» десек, қашанда тіл мәртебесін сақтау ең басты парызымыз. Тілді құрметтеп, елге құрмет көрсету бірінші кезекке қойылған. Соған сай Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен қыркүйек айының үшінші жексенбісі «Қазақстан халықтарының тілдер күні» болып бекітілген болатын.

Өз кезегінде 130-дан астам этнос өкілдері қоныс тепкен қазақ жерінде бұл мереке 1998 жылдан бастап тойланып келеді. Осылайша, Елбасының бірыңғай тіл саясаты барлық халық тарапынан қолдау тауып, мемлекеттік тілді меңгеру – өміріміздің айнымас қажеттілігіне айналып үлгерді. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың: «Біз бүкіл қазақстандықтарды біріктіруші негізгі фактор – мемлекеттік тілді дамыту үшін барлық күш жігерімізді салуымыз қажет» деген жалынды сөзі өзара достығы мен туыстық бірлігі жарасқан әрбір Қазақстан азаматын зор үмітке жетелейтіні сөзсіз. Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани

жаңғыру» атты мақаласында «Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, әлем бізді мәдени жетістіктерімізбен тануы керек» деген болатын.

Бүгінгі таңда қазақ тілінде қазақ халқы ғана емес, сондай-ақ Қазақстанда туып өскен өзге де ұлт өкілдерінің еркін сөйлеуі қалыпты жағдайға айналды. Бұл дегеніңіз, барша Қазақстанды мекендеген халықтың тілге деген құрмет белгісі. Соған сай, тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында Жамбыл ауданында тілдерді дамыту мен қолданудың 2017-2018 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілген.

Жоспарға сәйкес биылғы наурыз, сәуір айларында «Тіл тазалығын сақтайық акциясы, жастар арасында «Тіл – барлық білімнің кілті», «Тіл – халық жанын танудың биік белесі», жазба ақындар арасында «Поэзия, менімен егіз бе, едің?», өзге ұлт жастары арасында «Абай оқулары» байқаулары ұйымдастырылып,

жеңімпаздар облыстық жарыстарға жолдама алды.

Жергілікті атқарушы органдарда құжат айналымы толық мемлекеттік тілде жүргізілді. Үстіміздегі жылдың шілде айында Алматы облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың ұйымдастыруымен өткен «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» атты облыстық байқауда ауданымыздың мемлекеттік қызметшілерінен құрылған «Жамбыл жұлдыздары» тобы жүлделі І орынға ие болса, Абай атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің облыстық байқауында Гүлмарал Теміралы «Көркемсөз оқу шебері» номинациясы мен ынталандыру сыйлығының жүлдегері атанды.

Тіл – асыл мұра, көненің көзі, бабалар сөзі. Тіл бар жерде ғана халық бар екені анық. Ендеше, қасиетті де қастерлі туған тіліміздің мерейі мен мәртебесі биік болуына баршамыз үлес қосайық.

Светлана АЛТЫНБЕКОВА,
аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы.



“...ауылдастың тайы озсын”

Әлия Назарбаеваның «Жандану әлемі» Қоры Ұлттық «Бала дауысы» балалар ән байқауын ұйымдастырды.

13 мамыр мен 22 маусым аралығында еліміздің барлық облыс орталықтарында байқаудың іріктеуі өтіп, әр аймақтың ең үздік дауыстары таңдалды.

26, 27, 28 қазан күндері КТК телеарнасының тікелей эфирінде байқаудың Финалы көрсетіледі.

Бұл Республикалық байқауда Алматы облысының намысын қорғайтын Бақанас ауылының Б.Бейсекбаев атындағы орта мектебінің оқушысы Елгелді Диана.

Байқау жеңімпаздарын тәуелсіз әділ-қазылар және телекөрсермендер анықтайды. Сондықтан жерлесімізге облыстың намысын қорғауда қолдау көрсетейік!!!

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі» деп атап көрсетілді.

Үндеуге үн қосайық



Соған сай, туған жерді қастерлеп сүйе, сонымен бірге жергілікті жердегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қайта қалпына келтіру жайы нақты айтылғаны көңіліме қонды.

Ақындар мен батырлары бар көпұлтты ауданымыздың тарихы тағылымды, мәдениетті мәйекті. Тарих жылнамасына көз салсақ, ұлы Жамбыл акын есімімен аталатын ауданымызға келесі жылы – 80 жыл толады. Ал, Қастек ауданы болып іргетасын қалап, құрылғанына 90 жыл толатыны белгілі. Осы аралықта бұл аудан көркейіп дамып, дамудың даңғыл жолдарынан өтті. Көз сендіріп, көңіл қуантатын айтулы жетістіктеріміз бен ауыз толтырып айтатын табыстарымыз жетерлік. Аудандық «Атамекен» газетінде Жамбыл аудандық мәслихаты депутаттарының барша аудан халқына арнаған Үндеуі жарияланды. Аталған Үндеуді қолдап, қауаттаймын. Әрине, жыр бұлағын селдеткен акын бабамыз Жамбылға еңсесі тік, тұғыры биік ескерткіш орнату кезек күттірмес маңызды мәселе. Ақыны мен батырын құрметтеген халықтың келешегі кемел. «Туған жерге тағзым» атты қоғамдық қордың құрылғаны, әрине, дұрыс.

Бұл игілікті бастаманы барлық аудан жұртшылығы қолдайды. Ай сайын еңбекақы алатын бюджеттен және де басқа мекеме қызметкерлері бір күндік жалақысын аудару арқылы қорға өз үлестерін қосады деген ойдамын. Елдің өзара бірлігі мен ұйымшылдығының арқасында Жамбыл бабамыздың алып ескерткіші көп кешікпей бой көтереді, оған сенімім мол. Зейнеткер болсам да ұлағатты істен бөлініп қалар жайым жоқ. Мен де ортақ мақсатқа барынша атсалысып, баба рухына тағзым жасайтын боламын. Ақиық акын Жамбыл ақынды қалай ұлықтап дәріптесек те жарасады. Халқымызда «Бірлігі жарасқан ел озады» деген қанатты сөз бар. Соған сай елдігіміз бен бірлігімізді жарастырып жұмыла білсек, жүк жеңіл болады. Ортақ іске біріге атсалысайық, ағайын.

Күміс КЕМЕЛБЕКОВА,
ардагер ұстаз.

ЕЛ АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТАЙЫҚ

«Атамекен» газетінің өткен санында депутаттардың Жамбыл атамyzдың ескерткішін аудан орталығы Ұзынағаштың кіре берісіне орнату керектігі туралы Үндеуі жарияланды. Сол Үндеуге мен де ауданның кәсіпкері ретінде өз үлесімді қоссам деген ниеттемін. Себебі, Жәкеңнің ескерткіші сонау Санкт-Петербургте, Елордамыз Астанада, ару қала Алматыда, тарихи Таразда орнатылып, өзіндік сән беріп тұр. Ал, сондай сәулеті мен сәні жарасқан ескерткіш өзінің туған жерінде тұрса, нұр үстіне нұр. Ол ескерткіш орнатылса, аудан орталығына келген қонақтарды Жамбыл атам өзі қарсы алып тұрғандай, беріректе тұрған Қарасай бабамызға ақ жол тілеп, жол сілтегендей көрінер еді.

Барша аудан кәсіпкерлерін Жамбыл атамyzдың ескерткішін орнатуға біріксідей атсалысуға шақырамын. Жұмыла көтерген жүк жеңіл болады. Бұл игілікті іс ертеңгі ұрпаққа үлгі. Бір атаның баласындай, осындай бастаманы көтеріп отырған депутаттарға демеу білдіріп, ақындар мен батырлар елінің абыройын асқақтата берейік!

Жақсылық ҮШКЕМПРОВ,
Олимпиада чемпионы, «Жақсылық» ШҚ-ның басшысы.

Мен «Атамекен» газетінің 16 қыркүйекте шыққан санынан барша аудан тұрғындарына арналған Үндеуді оқыдым. Елдің мерейін асқақтатар абыройлы жұмыс



Осы ауданның Жамбыл бабамyzдың атымен аталғанына келер жылы мамыр айында 80 жыл толмақ. Бұл да керемет мерейлі сәт. Бабамyzдың құрметіне арнайы

Көпшіліктің ойын дөп басты



қолға алынғаны жанымды жадыратты. Риза болдым. Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қамтылған өзекті мәселенің бір тармағы «Туған жер» бағдарламасы. Бұл бағдарлама жалпыұлттық патриотизмнің өзегіне айналғаны даусыз. Аудан тұрғындарының туған жеріне деген ізет-құрметін көрсететін, жалпыға ортақ міндеттер атқарылып жатыр. Оның айшықты дәлелі – «Туған жерге тағзым» атты қоғамдық қордың құрылғаны.

тұрғызылатын ескерткіш туралы естігенде ерекше қуандым. Ұзынағашқа кіреберістегі ыңғайлы жерге жайғастырылса, елге келген қонақтардың ең әуелі көретіні сол болады. Жамбыл жеріне келгенін сезінеді. Бабамyzдың зәулім ескерткіші бой көтерсе деген ой біздің көптен бері көксеген арманымыз еді. Міне, енді осы бір игі істі атқарғалы отырған аудан басшылығы көпшіліктің ойын дөп басты.

Жалпы туған жер деген ұлы ұғымды ұлықтамаған адам жоқ шығар, мына әлемде. Мейлі, акын болсын, жазушы болсын, ғарышкер болсын, кез келген саланың маманы болса да, адам үшін ата қоныс – туған жерінің орны бір бөлек. Осынау асқақ сезім кеудесін кернеген барша аудан тұрғындарына ризашылығымды білдіремін. Ісіміз ілгері бассын, жерлестер!

Қырғызбек АТАГЕЛДИЕВ,
аудандық ардагерлер
ұйымының төрағасы.

◆ Акция

Кәсіпкерлер мүмкіндігі кеңейеді

«Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалының Республикалық желілік кестесіне сәйкес «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы бойынша мемлекеттік қолдауды алу мәселелері бойынша «Азаматтарды бірыңғай қабылдау күні» Республикалық акциясы өтті. Акцияға аудандық партия филиалының қызметкерлері, аудандық жұмыспен қамту бөлімінің бас маманы Қ.Наметова, аудандық кәсіпкерлер палатасының басшысы Б.Бекзат және БАҚ өкілдері қатысты.

Акцияның негізгі мақсаты: «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар мен даму институттарының азаматтарға, шағын және орта бизнес өкілдеріне диалог алаңын ұсынуы.

Акцияның негізгі міндеттері: «Бизнестің жол картасы – 2020» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру тетіктері мен шарттарын кеңінен хабарлау, сонымен қатар осы Бағдарламаны іске асыру барысында көтерілген мәселелерді шешу жолдарын іздеу. Осы бағдарламаны іске асыру

мәселелері бойынша акция барысында түскен өтініштерге сараптама жасау.

Акцияның негізгі мазмұны: Мемлекет басшысы, «Нұр Отан» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының 2050 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары, Елбасымыздың халыққа арнаған «Нұрлы жол» Жолдауының негізгі ережелері және Ұлт жоспары – бес институттық реформасын жүзеге асырудың 100 қадамын түсіндіру бойынша ұйымдастыру жұмыстары өтті.

Өздеріңізге белгілі, 2015-2016 жылдары Бағдарламаның тетіктері мен шарттарын жетілдіру бойынша өзгерістер енгізілген. Онда несиелерді кепілдендірудің жаңа жүйесі; екінші деңгейлі банктердің беретін несиелерінің пайыздық мөлшерлемелерін төмендету; ауылдық жерде, шағын қалаларда кәсіпкерлердің бизнес-бастамаларын кеңейту; бизнес жоспарларын жасау және өзінің кәсібін ашу үшін тиісті оқытулар жүргізу; экспресс-кепілдемелерді ұсына отырып, жанадан бастап жүрген кәсіпкерлерді қолдау және кепілді қаржыландыру; кәсіпкерлер осы



бағдарлама бойынша әлеуметті қатысушы бола алатын басым салалар тізімін кеңейту қарастырылған.

Осыған орай, «Нұр Отан» партиясының қоғамдық қабылдау бөлмелері мен Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен бірлесе отырып азаматтарға аталған Бағдарламаны жүзеге асыруды қамтамасыз ететін мемлекеттік органдар, кәсіпкерлікті дамыту институттарының өкілдеріне, екінші деңгейлі банктерге орта және шағын бизнес өкілдерінің тікелей шығып, қажетті ақпаратты, сондай-ақ қызықтыратын сұрақтарына құзыретті жауаптар мен кеңестер алу үшін мүмкіндік береді.

Бауыржан АҚЫЛБЕКОВ,
«Нұр Отан» партиясы Жамбыл
аудандық филиалының кеңесшісі.

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бак, ардың, Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың. Алтын күннен бағасыз бір белгі боп, Нұрлы жұлдыз – бабам тілі сен қалдың! – деп кешегі акын М.Жұмабаевтың, Абай, Ілияс, Сәкен, Ахмет Байтұрсынов сынды арқалы ақындар мен ғалымдардың және барша қазақ халқының жылдар бойғы көздеген бір ғана мақсаты, ол – қазақ тілінің дәстүрлі жолын ұрпақтан-ұрпаққа сақтап, шынайы таза күйінде жеткізу. Өйткені, тіл тағдыры – ел тағдыры екендігі қашаннан да хақ және хақ болып қала бермек.

Тілге құрмет – елге құрмет



Қазақ халқы қалыптасқалы бергі дәуірде қаншама тағдырдың тезінен, тозақтың өзінен аман өтіп, бүгінгі күнде «ұлттық тіл – қазақ тілі» деген ұғымға ие болған ана тіліміз – өткен тарихымыздың бірден-бір жемісі. Өйткені, осы мәртебеге жету үшін қазақ елі сан соқпақтан сүрінбей өтіп тер төкті, сол еңбекпен аққан тері ақталды да. Оның бір дәлелі ретінде Қазақстан Республикасында мекендеп жатқан сан түрлі ұлттардың барлығы дерлік қазіргі уақытта қазақ тілін үйренуге зор талпыныс білдіріп жүргендігін тілге тиек етуге болады.

Мемлекеттік тілді үйренуге деген ынта-жігер Қазақстан Армиясында да өз нәтижесін беруде. Бұған дәлел ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланының әскери бөлімдерінде әскери қызмет атқаратын өзге ұлт өкілдерінің арасында жыл сайын өткізілетін «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты байқауы және Тілдер мерекесі қарсаңында өткізілетін түрлі шараларды айтуға болады. Бір қуантарлығы, мемлекеттік тілде әскери бөлімдерде өткізілетін кез келген іс-шараларға олардың барлығының дерлік ынта-жігермен кірісетіндігі.

Осындай іс-шаралар барысы мемлекеттік тілді дамытуға үлкен септігін тигізетіні анық. Бұл орайда Елбасымыз Н.Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген Қазақстан Рес-публикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тілді дамытуға қатысты «Қазақстандықтардың өзіміз өмір сүріп, елімізді жақсылықтарға бастап бара жатқан туған жерге атауын берген мемлекеттік тіл – қазақ тілін құрметпен және лайықты оқып-үйрене бастағандығын атап өтудің өзі қуанышты. Бүгінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген халықтың үлесі басым көпшілікті құрайды. Бұл Тәуелсіздіктің орасан зор жетістігі. Біздің міндетіміз 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға дейін жеткізу. Ал, 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиіс. Енді 10 жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығатын болады», – деп пайымдауын үлкен көрегендікке балауға болады.

Қорыта келе айтарым, бізде бәрі бар және қазақ жері бәріне бай, оның ішінде тілі де бай. Түбі бір түркі тілінің ішіндегі бірізділігін сақтаған, нормаға сай таза, әрі бай тіл – қазақ тілі екендігін кезінде көрші және шетел мемлекеттерінің ғалымдары да дәлелдеп, тамсанып өткен. Сол себепті ендігі тарихи мақсат, осы бабаларымыз аманаттап кеткен ана тілін шынайы күйінде ұрпақтан ұрпаққа жеткізу. Өйткені, киелі ұлтымызды ыдыратпай, талай тарихи тағдырдың алдында басын имеген мемлекеттік тіл – қазақ тілі қашан да елдігіміздің, бірлігіміздің, хам ұлы Тәуелсіздігімізді қорғау жолында ұлтымыздың тегеурінді тетігі болуы тиіс!

Айдос БАЙШАҒЫРОВ,
лейтенант, 28237 әскери бөлімі.

◆ Демесін

Биыл еліміздің 4 өңірі бойынша, атап айтқанда, Алматы, Қарағанды, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облысында Халықаралық қайта құру және даму банкі мен ҚР Білім және ғылым министрлігінің бірлескен жобасы аясында Жастар корпусын дамыту атты пилоттық жоба құрылып, өз ісін бастап кетті.

Жоба жеңімпазы –
Жанаркүл

Осы жоба бойынша 18 жас пен 29 жас аралығындағы 3000-ға жуық жастарға 1 млн. теңге көлемінде қайтарымсыз грант бөлініп, жастардың кәсіп ашуына мол мүмкіндік туындады. Бұл жобаға біздің ауданнан да бірнеше жас буын өкілдері өз ұсыныстарын білдіріп, арнайы грант ұтып алған еді. Солардың бірі – Жанаркүл Оңашыбай. Жанаркүл осы жоба аясында «Ақбота» сауда үйінің екінші қабатынан шаштараз ашып, өз ісін бастап кетті. Оның ашқан шаштаразы жобаның талаптарына сай қызмет етіп, мүмкіндігі шектеулі жандарға, ардагерлер мен зейнеткерлерге, жетім балалар мен көп балалы аналарға, сондай-ақ жағдайы төмен отбасыларға 5 ай бойы тегін қызмет етуді көздеп отыр.

Жобаға қатысқан әрбір жасқа мемлекет тарапынан ай сайын сыйақы (жоғарғы оқуды бітіргендерге 61 000 теңге, орта білімі барларға 26 000 теңге) беріліп тұрады дейді Жанар.

Жанаркүл сияқты жобаның грантын ұтып алып, кәсіп ашқан жастарға кәсібіңнің нәсібін көр демекпіз.

Елдар ЖАҚЫПБЕК.

◆ Халықаралық саясат

Түбі бір елдер арасындағы саяси ынтымақтастық

Қазақстан мен Қырғызстан республикалары арасында қарым-қатынас өзара бауырластыққа негізделген. Себебі, екі елдің географиялық тұрғыдан жақындығы, тарихи тамырластығы, тіл мен мәдениеттің, сонымен қатар салт-дәстүрдің ортақтығы мемлекеттер арасында сенімді ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік ашқан. Сондықтан Қырғызстан мемлекетімен ынтымақтастықты одан ары қарай дамытуды Қазақстан сыртқы саясатының негізгі міндеттерінің бірі деп есептейді. Әрине, көршімен өзара татулық пен тұрақты қарым-қатынастар орнату біздің еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі жолы болып табылады. Өткенге көз жүгітсек, Қырғыз елімен дипломатиялық қарым-қатынас 1992 жылғы 15 қазанда орнаған. Содан бері екі елі бірнеше құжаттарға қол қойып, бейбіт келісім бойынша саясаттарын жалғастырып жатыр.

Осы аптада Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қырғыз Республикасының Президенттігіне кандидат Өмірбек Бабановпен кездесті. Елбасы кездесу кезінде екі ел арасында екіжақты ынтымақтастық аясын кеңейтіп, бауырластыққа негізделген қарым-қатынасты одан әрі нығайту қажеттігін айтып өтті.

«Қазір Қырғызстан ел Президентін сайлау науқаны алдында тұр. Бұл – кез

келген мемлекет үшін аса маңызды кезең. Мен Қырғызстанның тәуелсіздік алғаннан бергі барлық президенттерімен жемісті жұмыс жасауға тырыстым. Қырғыз халқы сенім білдіріп, жаңадан сайлайтын келесі президентпен де өзара тиімді іс-қимыл қалыптастыратын боламыз. Арамызда бөліске түсетін ештеңе жоқ. Біз бауырлас қырғыз халқына әрдайым қолдау көрсетіп келеміз және оған алдағы уақытта да көмек беруге әзірміз. Бұл – көлік-транзит саласындағы ынтымақтастық пен Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы өзара ықпалдастыққа қатысты мәселе», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Осыдан кейін мемлекет басшысы Қазақстан мен Қырғызстан халықтарының арасындағы бірлік пен достықтың маңыздылығына назар аударды.

Ал Өмірбек Бабанов болса, қырғыз халқы Нұрсұлтан Назарбаевтың бітімгерлік жолындағы күш-жігерін жоғары бағалап, оны қолдайтынын атап өтті. «Мен Қырғызстанның Премьер-Министрі қызметінде болған кезде елдеріңіз бізге тұрақты түрде жан-жақты қолдау көрсетті. Біз бауырлас Қазақстан халқының барлық жетістіктеріне қуанамыз», – деді Қырғыз Республикасының Президенттігіне кандидат.

Елбасы осы кездесудің алдында Ашхабадта Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедовпен

және Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёевпен Ташкент қаласында келіссөз жүргізген болатын.

Содай-ақ, биыл Қазақстан мен Жапония арасында дипломатиялық байланыс орнағанына 25 жыл толды. Осы аптада Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова Халықтың қоныстануы және дамуы жөніндегі парламентарийлердің Азиялық форумының төрағасы, Жапония Парламенті Кеңесшілер палатасының депутаты Кейдзо Такэмимен кездесті. Бұл кездесуге Қазақстан Республикасының ресми сайтының таратқан мәліметіне қарағанда Парламент Мәжілісі төрағасының орынбасары Гүлмира Исімбаева да қатысқан.

Гүлшара Әбдіқалықова сөз алған кезде екі ел арасындағы қатынастардың стратегиялық сипатына тоқталып, мемлекет басшыларының тұрақты кездесулері соның дәлелі екенін, К.Такэмидің Қазақстан мен Жапония арасындағы парламентаралық байланысты дамытуға зор үлес қосқанын, Қазақстан Республикасындағы 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасында белгіленгендей, біздің еліміз әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту саласында дәйекті саясат жүргізіп отырғанын атап өткен.

Айнұр ТӨЛЕУ.

◆ Қалқан

Әскери жаттығу – апатқа сақ тұру!



Қыркүйектің 18-22 күндері 28237 әскери бөлімінің оқу-жаттығу орталығында Қазақстан Республикасы Ұлттық Ұланы құтқару бөліністерінің республикалық дәрежеде оқу-жаттығуларын өткізді.

Жаттығу басталмас бұрын тиісті бөлім басшылары аудан әкіміне өздерінің атқаратын іс-жоспарларын таныстырып, жаттығуды бастауға рұқсат алды.

Қауіпсіздікті нығайтуда ерекше маңызы бар бұл

шараға аудан әкімі Жандарбек Далабаев мырза қатысты. Бұл шараны ойдағыдай өткізу үшін аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері, сонымен қатар жергілікті мекеме, бөлімдерден де арнайы жұмылдырылған азаматтар келді. Биылғы ерекше құтқарушы қосынның полигондық тәжірибелік оқу-жаттығуларын Ұлттық Ұлан тұңғыш рет өздері ұйымдастырып, оған азаматтық қорғаныс жүйесіндегі әскери бөлімдерін қатыстырды.

Құтқарушылар тобы ең әуелі

жер сілкінісі болған апаттық аймақты жедел қоршауға алудан бастады. Мұндағы мақсат – зардап шеккен аймақтың қарақшылар тарапынан тоналып кетпеуін қадағалау екен. Сол сәтте кедергілер жолағын бағындыру, түрлі қауіптегі өртті сөндіру, тұрғын үйлер мен ғимараттардың немесе көпқабатты үйлердің қираған кезінде жедел әрі қауіпсіз құтқару жұмыстарын жүзеге асыру машықтарын орындады. Зардап шеккен адамдарды ғимараттың жоғарғы

қабатындағы қызыл жалынға қамалған қорғаныс сәтінен қауіпсіз жерлерге жөнелту, апат кезінде құтқару құралдарымен құтқару әдістері, кедергілерді қирату арқылы қараңғы жолдарды (тунель) бағындыру, GPS құрылғысының көмегімен жергілікті жерде зардап шеккендерді іздестіру, техногендік апаттар мен жол-көлік апатына, теміржол апаттарына ұшырағандарды эвакуациялау, үйінді астында қалып қойған адамдарды иісшіл иттердің көмегімен іздеп табу, сүңгуір жабдықтарын қолдану арқылы су асты іздестіру жұмыстарын жүргізу, жеке қорғаныс құралдарын қолдану арқылы химиялық

үшін, оған төтеп беретін мығым дайындық керек. Абыроймен атқарылған бұл жаттығу ТЖҚ-нің тәжірибесін арттыра түсті.

Оқу-жаттығу аяқталған соң аудан әкімі Жандарбек Еркеұлы «Оңтүстік» аймақтық басқару командирі, генерал-майор Қайрат Ахтанов, төтенше жағдайлар бөлімінің ардагер полковнигі Амантай Мөлжадаров, ТЖҚ-ні бас штабының орынбасары, полковник Марат Төлепбердинов сөз сөйлеп, оқу-жаттығуда үздік өнер көрсеткен Ұлттық Ұлан сарбаздары мен ТЖҚ-нің қызметкерлеріне және аудандық ішкі істер бөлімінің



қауіпті аймақтан адамдарды құтқару сынды тәжірибелі іс-қимылдарды жаттығу барысында сәтті әрі жылдам орындай білді.

Иә, апат айтып келмейді. Табиғаттың түрлі қаһары мен тілсіз жауынан зардап шекпес

қызметкерлеріне абыроймен атқарылған істері үшін алғыс айтты. Сондай-ақ, аудан әкімі сарбаздарға заманауи үлгідегі теледидар мен ноутбукты тарту етті.

Бақтияр АЙТАЛЫ.

Пресс-релиз

Приговором Талдыкорганского городского суда от 17.07.2017 г. осужден по ст. 366 ч.1 УК РК к штрафу в размере 5,3 млн. тенге с конфискацией имущества с пожизненным лишением права занимать должности на государственной службе специалист ГУ «Инспекция транспортного контроля по Алматинской области» Асылбаев К.А., который на системной основе получал взятку за беспрепятственный проезд грузовых автомашин через стационарный и передвижные посты ИТК и не привлечение к административной ответственности за превышение весовых параметров автотранспортного средства без специального разрешения. Незаконные вознаграждения Асылбаев К.А. получил от гражданина «М», в период с 25 апреля по 06 июня т.г., общая сумма взяток составила 105 000 тенге.

Департаментом Национального бюро по противодействию коррупции по Алматинской области.

Приговором Енбекшиказахского районного суда от 14.07.2017 г. осужден по ст. 366 ч.1 УК РК к штрафу в размере 2,5 млн. тенге с конфискацией имущества с пожизненным лишением права занимать должности на государственной службе и в правоохранительных органах инспектор пробации № 1 Енбекшиказахского района ДУИС Алматинской области старший лейтенант юстиции Рузбакиев Х.А., который 16 июня 2017 года получил взятку в сумме 50 000 тенге от Аршидинова Р.Х., за не осуществления контроля по месту жительства условно осужденного Аршидинова Р.Х.

Департаментом Национального бюро по противодействию коррупции по Алматинской области.

Приговором Талгарского районного суда от 27.06.2017г. осужден по ст. 366 ч.1 УК РК к штрафу в размере 1, 5 млн. тенге с конфискацией имущества с пожизненным лишением права занимать должности в правоохранительных органах участковый инспектор Группы участковых инспекторов местной полицейской службы УВД Талгарского района ДВД Алматинской области Сыдыков Е.К., который, являясь должностным лицом 25.01.2017г. в административном здании опорного пункта № 1 Талгарского РУВД лично получил взятку от гр. Шайдикешова Б. в сумме 30 000 тенге за решение вопроса о прекращении уголовного дела за отсутствием состава преступления в отношении последнего, т.е. за действия в пользу взяткодателя, входящие в его служебные полномочия.

Департаментом Национального бюро по противодействию коррупции по Алматинской области.

Приговором Панфиловского районного суда от 13.07.2017г. осужден по ст. 366 ч.2 УК РК к штрафу в размере 180 000 тенге с конфискацией имущества с пожизненным лишением права занимать должности на государственной службе водитель взвода дорожно-патрульной полиции МПС старший сержант полиции Тохмадияров Д.С., который 30 марта 2017 года, получил взятку в сумме 3000 тенге от водителя автомашины марки «Фольксваген Пассат».

Департаментом Национального бюро по противодействию коррупции по Алматинской области.

Приговором Енбекшиказахского районного суда от 31.03.2017 г. осужден по ст. 361 ч.1, 366 ч.3 п.4 УК РК к штрафу в размере 16,8 млн. тенге с конфискацией имущества с пожизненным лишением права занимать должности на госслужбе директор Государственного Казенного Коммунального предприятия «Каракемерский профессиональный колледж» Даберов С.О., который являясь лицом, приравненным к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, используя свое служебное положение, путем вымогательства получил взятку в сумме 70 000 тенге от преподавателя данного учебного заведения за не увольнение и дальнейшее общее покровительство в работе.

Департаментом Национального бюро по противодействию коррупции по Алматинской области.

Приговором Талдыкорганского городского суда от 03.08.2017 года за неоднократное получение взяток в сумме 40,0 тыс. тенге ускоренную государственную регистрацию юридических лиц и в сумме 340,0 тыс. тенге за положительное решение вопросов трудоустройства руководитель РГУ «Управление Юстиции по г. Талдыкорган» Департамента юстиции Алматинской области Акберген Е.Ж. осужден по ст. 366 ч.1, ст. 24 ч.3, ст. 366 ч.3 п.4 УК РК к штрафу в размере 23,8 млн. тенге с конфискацией имущества с пожизненным лишением права занимать должности на государственной службе.

Департаментом Национального бюро по противодействию коррупции по Алматинской области.

Приговором Талдыкорганского городского суда от 22.08.2017 года к штрафу в размере 1,4 млн. тенге с конфискацией имущества, добытого преступным путем либо приобретенного на средства, добытые преступным путем в доход государства, с пожизненным лишением права занимать должности на государственной службе осужден по ст. 366 ч.3п.4 УК РК за получение взятки в сумме 20,0 тыс. тенге за ускоренную выдачу фитосанитарного сертификата на вывоз подкарантинной продукции без проведения ее фактического досмотра руководитель ГУ «Талдыкорганской городской территориальной инспекции комитета государственной инспекции агропромышленного комплекса МСХ РК» Майкебаев К.Т.

Департаментом Национального бюро по противодействию коррупции по Алматинской области.

◆ **Онлайн қызметі**

Психологиялық кеңес алды

Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі 21 қаңтар 2017 жылы № 4-І аудандық «Атамекен» газетіне онлайн қолдау қызметін «Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық» РМҚК БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ 1411 БІРЫҢҒАЙ ТЕГІН НӨМІРІ, «Қазақстандық-Ресейлік медициналық университеті» білікті психиатрия кафедрасының мамандары, неврологиялық курсы бар наркологтар, жалпы медициналық психологтар мен педагогтарды тарту арқылы психологиялық көмек пен кеңес беру қызметі туралы хабарландыру берген. Ағымдағы жылдың басынан онлайн қолдау қызметін 29 ата-ана, оның ішінде үшінші тоқсанда 1411 номеріне тегін хабарласып, тіркелген мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеп отырған 8 ата-ана скайп арқылы кеңес алды. 5-ші қыркүйекте онлайн қолдау қызметіне байланысты әлеуметтік қызметкерлер арасында түсіндірме жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында қызметкерлерге 30 дана брошюра, флаер тапсырылып берілді, олар халық көп жүретін орындарда (базар, банк, почта және т.б.) таратылды, хабарландырулар ілінді.

Ж.ҚАРЫМБАЕВ,

аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы.

Приговором Коксуского районного суда от 09.02.2017г. осуждена по ст. 361 ч.1 УК РК к штрафу в размере 4,0 млн. тенге с конфискацией имущества, добытого преступным путем, либо приобретенного на средства, добытые преступным путем, с пожизненным лишением права занимать должности в госорганах и организациях директор КГУ “Центр дневного пребывания “Умит” Управления координации занятости и социальных программ Алматинской области Нургалиева Ш.А., которая, являясь лицом, приравненным к лицам, уполномоченным на выполнение государственных функций, злоупотребляя своими должностными полномочиями, в период с января 2015 г. по октябрь 2016 года, будучи заранее осведомленной об имеющейся экономии денежных средств, неоднократно издавала фиктивные приказы о выплате надбавок к должностным окладам сотрудникам учреждения, которые впоследствии присваивала.

Указанные действия повлекли существенные нарушения охраняемых законом интересов государства в виде причинения материального ущерба государству на общую сумму 1 707 150 тенге. Ущерб в сумме 1 707 150 тенге на стадии досудебного расследования полностью возмещен.

Департаментом Национального бюро по противодействию коррупции по Алматинской области.

Приговором Илийского районного суда от 15.02.2017г. осужден по ст. 177 ч.3 п. “б,г”, 314 ч.2 УК РК (ред. УК РК 1997г.) к 5,6 годам лишения свободы с отбыванием наказания в ИК общего режима с конфискацией добытого незаконным путем с лишением права занимать должности на госслужбе и в органах местного самоуправления сроком на 5 лет бывший аким Боролдайского сельского округа Илийского района Сулетаев Е., который в мае 2014 года, являясь должностным лицом, уполномоченным на выполнение государственных функций, с использованием им своего служебного положения, путем обмана и злоупотребления доверием, завладел денежными средствами гр. Петросян С.Н. в сумме 8 000 долларов США за предоставление земельного участка общей площадью 8 соток в пос. Боролдай, и с целью осуществления преступного умысла и извлечения выгод и преимуществ для себя, внес заведомо ложные сведения и выдал гр. Петросян С.Н., официальный документ - распоряжение акима о предоставлении земельного участка площадью 0,759 га, на территории п. Боралдай, для введения личного подсобного хозяйства.

Департаментом Национального бюро по противодействию коррупции по Алматинской области.

Приговором Аксуского районного суда от 06.03.2017г. осуждена по ст. 189 ч.3 п.2 УК РК к 2,6 годам лишения свободы с отсрочкой на 5 лет заведующая ГККП Детский сад «Ай Жулдыз» Тазабекова Г.М., которая, используя свое служебное положение, в период с мая 2015 г. по март 2016 г. совершила хищение денежных средств, выделенных в рамках реализации государственной программы «Балапан», путем незаконного перечисления на свой карточный счет на общую сумму 602 305 тенге, которые в последующем были использованы на личные нужды. Ущерб государству в сумме 602 305 тенге возмещен полностью.

Департаментом Национального бюро по противодействию коррупции по Алматинской области.

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫНА БАЛТА ШАБУ

Жуырда жаңадан бой көтерген Ұзынағаш орта мектебінде «Нұр Отан» партиясы Жамбыл аудандық филиалының ұйымдастыруымен «Жемқорлықсыз ел – гүлденген ел» атты партиялық жоба аясында аудандық

саясат бөлімінің бас маманы Мәнсия Мақатаева төрелік етті. Мұндағы мақсат – қылқаламды серік еткен ұстаздар өздерінің қиялынан туған көріністерді қағаз бетіне түсіріп, жемқорлықтың алдын алуды дәріптейтін плакаттарды



ішкі саясат бөлімімен бірлесе отырып, сурет салу бойынша «Жемқорлық жетер біздің түбімізге» атты ең үздік плакат байқауы өтті. Байқауға ауданнан 32 мектептің мұғалімдері қатысты. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға арналған шараға «Нұр Отан» партиясының қызметкерлері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің төрағасы Алмас Данияров, аудандық мәслихат депутаты Орынбасар Тортаев, аудандық ішкі

көпшілікке түсіндірді. Еліміздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын ұтымды жүзеге асыруды көздеген бұл жиынның аудан халқына, сонымен қатар, мемлекеттік қызметтегі тұлғаларға берер тәлімі зор. Жең ұшынан жалғасқан, «бармақ басты, көз қысты» әдеттің белең алуы – ұлт болашағына балта шапқанмен бірдей. Ендеше, бұл індеттен аулақ болайық, ағайын!

Бақтияр АЙТАЛЫ.

Латын әліпбиі бізгі біріктірегі

Біз университетте оқып жүргенде Қытайдан келген қандастарымыз болды. Олар сол елде төте жазумен жазып үйренгендіктен біздің елге келіп, кириллицадан оқу мен жазу айтарлықтай қиындық туғызды. Сонда олар бізде яғни, қазақ халқында біртұтас әліпби болса ғой деп армандаушы еді. Әйтпесе, Қытайда төтеше, бізде кирилше, тағы басқа жердегі қазақтар латынша жазып, әрқайсысы жазған дүниесін әртүрлі таңбалаушы еді. Сол таңбаланған дүниені өзі тұрып жатқан ортадағы бауырлары түсінбесе, өзгелері мүлде түсінбейтін. Енді міне, сол қандас бауырларымыз бен біздің ортақ арманымыз орындалатын күн де алыс емес. Яғни, біз біртұтас латын әліпбиіне 2025 жылға дейін көшуді жоспарлап отырмыз. Бұл дегеніміз, тілге қиянат жасау емес, керісінше ілгерілету болмақ. Біз латынға

жаңадан келіп жатқан жоқпыз, онымен қайта қауышудамыз. Демек, өткенімізді жаңғыртып, рухани жаңғыру жолына түсіп келеміз. 1929-1940 жылдары қолданылған латын қарпіне өзгерістер енгізу арқылы жаңа кезеңге аяқ басқалы отырмыз. Бұл жаңалық күллі қазақ жұртына серпіліс бергендей болды. Ауғанстан мен Ирандағы, Түркия мен Қытайдағы тағы да басқа мемлекеттерде өмір сүріп жатқан қандастарымыз да осы жаңалықтан хабардар болып, өздерінің қуаныштарымен бөлісіп жатыр. Ауғанстандық қандасымыз, Алматыдағы жоғарғы оқу орындарының студенті Рахметулла Дәулетияр бұл жайында былай дейді: «Біз алғашында атажұртқа оқуға келеміз дегенге қатты қуандық. Бұл жерге келіп жоғары білім алуға мүмкіндік жасаған Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлына алғысым шексіз. Елбасы Ауған жерінде

қиын-қыстау заманды бастан кешіп жатқан мемлекеттің жастарына Қазақстанда білім алуға мүмкіндік жасап, демеу білдіргені үшін зор алғыс айтсақ та жеткілісіз болар. Көрегендігімен елімізді басқарып отырған көшбасшымызға Алла ұзақ ғұмыр берсін!

Елбасының биылғы шыққан «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын оқып отырып, біраз нәрсені ой елегінен өткізіп, болашаққа біз де бағдар жасап көрдік. Енді біз осы мақалада айтылған дүниелерді іс жүзіне асыра білсек, алар асуларымыз бен бағындырар белестеріміз көп болмақ. Осы мақаланы оқи отырып мен қазақ елінің латын әліпбиіне көшуі туралы айтқан тармақты оқып, қатты қуанып кеттім. Себебі, төрткүл дүниеде ғұмыр кешіп жатқан әр қазақ баласы қазіргі таңда ағылшынша жақсы оқи алады.

Бірақ, олардың көбі кирилше әріп танымайды. Осы жағынан келгенде бұл біз сияқты сыртта жүрген қазақ жастарына үлкен қуаныш сыйлады. Өйткені, енді біз сияқты жастар өз еліне білім алуға келгенде латын қарпінде білім алса еш қиналмайды. Сондай-ақ, латын әліпбиіне көшсек бізге, яғни қазақ жастарына ағылшынша үйрену де оңайға соқпақ. Осындай мәселені қозғап, ел болашағын ойлап жүрген Елбасымыздың көрегендігіне тәнті боламын. Алла елімізді бейбітшіліктен айырмасын!», – деп өз тілегін жеткізді.

Иә, латын әліпбиіне көшу түркі әлемімен қарым-қатынасымызды нығайтып, достығымызды үдете түспек. Сыртта жүрген бауырларымыз бұл бастаманы қолдап, қуанып жатыр. Біз де сол қуанышқа ортақ болып, ел болашағы үшін жасалып жатқан жаңалықты қуаттайық.

Елдар ЖАҚЫШБЕК.

«АТАМЕКЕННІҢ» ЗЕРДЕ ДӘПТЕРІНЕН

ҚАЗАҚ ТІЛІ ТУРАЛЫ
«...қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабасының тілі болған қазақ тілін осы күнгі жүрген қазақтың жалғыз білмейді. Егер қазақ тілін білсе еді, дін де осында, ғылым мен білім де осында, әулиешілік те осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыздың бәрі жақсы болып, әулие болып өтті, не үшін – ақ жүрек болып, ақ көңіл болғандықтан».

Мәшһүр Жүсіп КӨПЕЙҰЛЫ.
«Е.Қ.», 26.02.2013 жыл.

«Бүкілдүниежүзілік мәдениетке өз ана тілімізді жақсы білгенде, соны үйренгенде ғана жетуге болады».

Темірбек ЖҮРГЕНОВ.

«...Әр тілдің өзінің заңы бар. Біздің қазақ тілі маған қоңыр дауысты адамның үні сияқты естіледі.

Тілді ауылға бөлмеу керек, тілді жүзге бөлмеу керек. Қазақтың тілі ортақ тіл, ортақ байлығымыз. Қай жерде қандай жақсы мағынада пайдаланылады, сол біздің ауылдың тілі болуы керек».

Ғабит МҮСІРЕПОВ.

«Қазақ тілі – асыл сүйегі, табиғи болмыс-бітісі, тума қасиеті тұрғысынан алғанда, әлемдегі ең бай, ең әсерлі, ең оралымды, мағынасы терең, қуаты зор, әуезі сұлу, түрлену, жетігу, даму мүмкіндігі шексіз, ғажайып сырлы тіл.

Қазіргі әлемдегі ең дамыған жұрттар тілінің өзі біздің түрік текті ана тіліміздей әрі бай, әрі айқын, және соншалық ұзақ тарих кешуін өткермеген. Бұл тұрғыда біздің тілімізді тек араб, парсы тілдерімен ғана шендестіруге болады. Қазір бүкіл әлемге тараған ағылшын тілінің де, жарты дүние тұтынып отырған испан тілінің де, өткен ғасырда ұлы әдебиет жасаған орыс тілінің де тарихи ғұмыр-жасы біздің жарым жолда ғана».

Мұхтар МАҒАУИН,
«Жұлдыз». № 6, 1997 жыл.
(47,52 беттер.)

«Тіл деген құдіретті нәрсе ғой! Оның ішінде қазақ тілі – неткен бай, неткен әдемі! Біз егер дүние жүзіне ағылшын тілі тәрізді үстем болсақ, қазақ тілінде сөйлегісі келмейтін халық болмас еді, әттен санымыз аз...»

Оралхан БӨКЕЙ.

«Ұлттық поэзиядағы, халықтың ой-санасындағы сұлулық пен ізгіліктен құйылып, нұрлана құбылған бейнелі сөздер табиғатын, көркем ұғым-түсініктерін әдеби-ғылыми тұрғыдан талғампаздықпен талдап түсіндірсе болады. Поэзиялық сөздердің болмысы, жаратылысы аса күрделі. Оған ишараттау, мензеу, салыстыру, жұмбақтау, астарлау, бейнелеу, әсемдеу, теңеу, ұқсату тән».

Серік НЕГИМОВ,
филология ғылымдарының докторы, профессор.
«Сөзде сикыр бар, ал өлеңде даналық» атты мақаласынан.
«Е.Қ.», 9.06.2004 жыл.

«Мен анық білем – барша қазақ тегіс қазақ тілінде сөйлеген күні әлем бізге өзі келіп сәлем береді...»

Тұрсынжан ШАПАЙ.

«Бағынышты халық қашан өз тілін біржолата ұмытқанша ел болудан үмітін үзбейді».

МОНТЕСКЬЕ.

«Бірінді, қазақ, бірін дос, Көрмесен істің бәрі бос».

АБАЙ.

БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫ

Жуырда Жайсаң орта мектебінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы негізінде туған жер тарихын білу, патриоттық сезім мен руханиятты жаңғырту мақсатында мектеп оқушылары арасында «Рухани жаңғыру, туған жер» тақырыбында шығарма жазу байқауы өтті. Байқауға 9-11 сыныптың 50 оқушысы қатысты. Саралау барысында қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері С.Уанова, У.Абдрахманова, А.Мұсаева, Д.Жұмабекованың жетекшілігімен ең үздік деп танылған шығармалар анықталып, марапатқа ие болды. Олар: 9 сынып оқушысы Ұлбосын Мұқаджан, 10 сынып оқушысы Сымбат Қуанышбек, 11 сынып оқушылары Аяжан Тілеулес, Жібек Ахметқали және Гүлдара Қонай. Сондай-ақ, үздік шығармалар білім бөліміне жіберілді.

Айша МҮСАЕВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.



ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫҢДЫ ТІК

Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында туған жерге қатысты келелі ойлар айтты. Мемлекет басшысы қазақ елін көркейтіп, ұлттық құндылықтарды өскелең ұрпаққа дәріптеу мақсатында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынды. Елбасының бастамасын қазақстандықтар, оның ішінде жастар жағы жылы қабылдап, оны жүзеге асыруға барын салуда.

Оған бір дәлел ретінде, жуырда 15-і мен 17-ші қыркүйек аралығында Алматы облысы жастар саясаты мәселелері басқармасы, Алматы облысының жастар ресурстық орталығы КММ-ң және «Жас Отан» ЖҚ ұйымдастыруымен Ұйғыр ауданының Қырғызсай ауылындағы «ECO park tour» демалыс орнында «Туған жерге туынды тік» атты ауыл жастарының форумы өтті.

Аталмыш шараға Алматы облысы әкімінің орынбасары Жақсылық Омар, «Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалының бірінші орынбасары Ғалиасқар Сарыбаев және Алматы облысы жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Айдын Нұрмұхамбетов сондай-ақ, облысымыздың барлық аудандарынан жиналған 200-ден астам жас қатысты. Олардың қатарында



Жамбыл ауданының белсенді жастары Қымбат Байсариева, Тұрар Батырбаев, Дарын Тұрғынғали, Толғанай Добай, Акерке Қырғызбаева, Алина Қожамқұл, Әйгерім Әбу, Ардақ Сағай сынды әртүрлі кәсіптің тұтқасын ұстаған ауылдың азаматтары болды.

Шара барысында жастар рухани жаңғыруға байланысты әртүрлі тақырыптағы жігерлендіретін тренинг сабақтарында дәріс алып, өздеріне керекті көптеген мағлұматтармен қанықты. Сонымен қатар, Жақсылық Мұқашұлының бастауымен

жиынға қатысушылар әйгілі Тянь-Шань тау жүйесінің солтүстік доғасына кіретін Кетпен жотасының басына шығып, көк байрағымыз бен «Рухани жаңғырудың» эмблемасы белгіленген туды тікті. Келесі кезекте облыс әкімінің орынбасары Ж.Омар жүздесуге келген жастармен

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласына байланысты жас ұрпаққа тәрбие беру мәселесі және олардың қоғамда алатын орны жайлы ашық сұхбат жүргізді. Жалпы екі күнге созылған іс-шарада жастар өзін жақсы сезінуі үшін толық жағдай жасалды.

Жиын соңында, жиналған жастардың белсенділері сахнада өздерінің өнерін көрсетіп, өзара байқауға түсіп, рухани азық алып, мол әсерге бөленді.

Мадина ТОҚТАСЫНОВА.

Тауы менен тасына

Бүгінгі қазақ тілінің қолданысында дегерес сөзі пайдаланылмайды. Сондықтан ауылдық округтің атын айтқанда бөгде аймақтағылардың таңырқанып, сөздің мағынасын сұрап жататыны бар. Өкінішке қарай, бұл сөздің мағынасы 15 томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» көрсетілмеген. Материал жинақтау барысында тұрғындар да ауылдың атына қатысты түрлі нұсқаларды айтты. Бір нұсқада дегелек деген құстың атына байланысты шықса керек деген пікір айтылды. Дегелек – тұмсығы ұзын әрі сүйір болып келетін құс екендігін жоғарыда айтып өткен сөздіктің 598-бетінен кезіктіруге болады. Үлкендер бұл сөздің моңғол тіліне қатысы болуы мүмкін, біздіңше ол моңғолша «биік тау» деген мағына беретін болса керек деген ойларын жеткізді. Біз өз кезегімізде осы тілдің маманы, жазушы, моңғол әдебиетін қазақ тіліне тәржімалап жүрген Қуандық Шамахаидан сөздің мағынасын сұрағанымызда, *дэгэр* деген сөз *ойрат тілінде үстірт* деген мағына беретінін айтты. Мағыналық жағынан жақын сөзді тапқанымызға қуандық. Сөздің төркіні мен тілдегі қолданысын лингвистер әлі де зерттеуі тиіс деп есептейміз. Қалай болғанда да, округтің аты Іле Алатауының батысындағы үстіртті таудың атына байланысты берілгені түсінікті. Жаманты және Дегерес өзендерінің аралығында орналасқан ұзындығы 15 шақырымға жуық таскөмір және неоген кезеңдерінің тау жыныстарынан түзілген Дегерес туралы «Қазақстан Ұлттық энциклопедиясының» 3-томының, 176-бетінен кезіктіруге болады. Анығында, Дегерес – атымен ғана емес, бүкіл болмысымен өзіне қызықтырып тұратын округ болып табылады.

Басбатыр тауының тарихы



Басбатыр

Ең алдымен бұл аймақтағы тарихи төбе туралы сөз қозғамай өтіп кету мүмкін емес. Ол 1730 жылы Абылай ханның туын ұстаушы батырлардың бірі – Шапырашты Наурызбай батыр Құттымбетұлы түмен басы болып тағайындалып, ту тіккен – Басбатыр шоқысы. 2003 жылы ол жерге Наурызбай батыр сынтасы орнатылған. Ұшар басында бөрілі байрақ желбірейді. Ту тіккен төбенің етек жағында Наурызбай батыр кесенесі орналасқан, яғни Басбатыр тауының етегіндегі Тарғап-Дегерес жолының батыс бағытында бұл күнде Наурызбай батыр бейігі бар. Кесенеге арнайы чип қойылған. Кез келген жолаушы оған кіріп, тағзым жасап, чип арқылы батырға қатысты ақпаратпен қаныға алады.

Арнайы материал жинақтау барысында ауыл тұрғыны, жүйрік жайын білетін Оңласын Сатыбалдиев ақсақал: «Бала күнімізде қазіргі Наурызбай батыр кесенесі



Ту тігілген төбе



Шапырашты Наурызбай батыр кесенесі

тұрған тұста балшықтан салынған күмбез болатын. Жауын қатты жауып, Глубинов Борис деген орыстың машинасы жоғары тауға өрлей алмай, керісінше артқа кетеді. Сөйтеді де, бейіттің бір жағын құлатады. Ішінен бір ертоқым шығады. Алғашында корқып жүреді. Кейін Борис ерді Бейсенбай деген ақсақалға бір қойға сатады. Ерді өз көзіммен көрдім. Ол кісі ерді маған сатпай қойды. Қазір енді ол кісі өмірде жоқ. Кесененің топырағы аппақ болатын. Ол топырақтың қайдан келгені белгісіз. Себебі, Дегерестің еш жерінде ондай аппақ топырақ жоқ. Бұл өлкенің топырағы қызыл сары, немесе қара болып келеді. Меніңше, сол кесенені орнату үшін батырға құрмет ретінде бір жерден топырақ алдырған болуы керек», – деп өз көргенін қоса кетті.

Ал, ауылдық округтің тарихы туралы дерек жинау барысында жолыққан Самат Сәрсенбиев те әжелерінің ақ кесенедегі қалқан мен ертоқым туралы жиі айтатынын тілге тиек етті. Ол: «Аруақты жерден ат үркеді» деген сөздің жаны бар. Басбатыр асуына келгенде бабаларымыз атын жетектеп өтеді екен. Ондайларды мен мұндағы уақытқа дейін көргенмін», – деп тарихи жер туралы ойын қоса кетті. Басбатырдың биіктігі теңіз деңгейімен алғанда Медеу мұз айдынымен бір дәрежелік сызықта орналасқан. Тау төбесінен Қопа жазығы, одан ары қарай Аңырақай шайқасы өткен жерді көруге болады.

Басбатыр – Қозыбасы тауының бір сілемі. Беріктас ауылы мен Үңгіртас ауылының ортасындағы іркес-тіркес тауларды Қозы-басы деп атаған. Бұл жермен кезінде Ұлы Жібек жолы өткенін де ауыл тұрғындары қаперінен шығармайды. Ал,



Самат Сәрсенбиев

Қозыбасы – тек қана Жамбыл ауданы емес, күллі қазақтың ұлт болып ұйысуындағы ұлы оқиғаның негізгі кеңістігі. Жәнібек пен Керей сұлтандар құрған хандықтың тұңғыш территориясы осы жер. Жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы қазақ халқының тұңғыш территориясы мен ту тігілген төбені зерттеу барысында жаратылыстанушы Молдияр Серікбаев пен Мұратбек Нұрлыбаевтың мақаласына сүйенген. Онда ғалымдар былай дейді: «Елімізде тарихи мәніне байланысты киелі танылған жерлер баршылық. Солардың бірі – Қазақ ұлттық мемлекеті дүниеге келіп, кіндігі кесілген жер – Қозыбасы жайлауы. Бұл туралы айғақты ғұлама бабамыз Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи-Рашиди» атты тарихи көркем шығармасының 106-бетінде былайша әйгілейді: «...Сол күндері Әбілқайыр хан Дешті Қыпшақты түгел иеленді. Ол Жошы әулетінің сұлтандарын шабуылдай берді. Жәнібек пен Керей хан одан қашып, Моғолстанға келді. Моғолстанның батыс жағынан Шу өзенінің Қозыбасы деген жерін берді». Міне, ауыл адамдары Қарауылтөбе деп атайтын Қозыбасының Басбатыр сілемінің осындай мағыналы тарихы бар.

Оқиғалар ойысы

Дегерес – қазақ ұлтының тарихи энергетикасының кіндігі болуын бір сәтке де тоқтатқан емес. Бәлкім тарихи сабақтастық деген заңдылық бар шығар, мүмкін біз білмейтін тылсым құпия да бар болар, әйтеуір тәуелсіздік алғаннан кейін дүниежүзі қазақтары тұңғыш бас қосуын осы жерде өткізуге шешім қабылдайды. 1992 жылы күзде (28 қыркүйек пен 4 қазан аралығы) дүниежүзі қазақтарының I Құрылтайы өтеді. Өзбек хандығынан бөлініп, өздері хандық құрған қазақтар да, дәл осы жерден Моғолстан хандығынан жер алғандығын айтып өттік емес пе?!

Ал 1945 жылы Жеңіс шеруінде маршал Г.К.Жуков мініп шыққан аттың Дегерестен дайындалып барғандығын, бұл күнде Мәскеудің ең көрнекті жерінде сол ат пен маршалға қойылған ескерткіш бар екенін дегерестіктер мақтанышпен айтып жүреді.

Ғасыр толған ауыл

1918 жылы Жетісудағы ең алғашқы кеңестік ауыл шаруашылығы Дегересте құрылғандығы туралы да архив құжаттарынан көз жеткізуге болады. Ауыл тұрғыны Самат Сәрсенбиев осы дерекке қатысты қолындағы құжаттармен танысуға мүмкіндік берді. Құжат бойынша Дегерес совхозы алдымен Тайторы болыстығына қарайды да, кейін 1920 жылы Қастек болысына өтеді екен. Демек, келесі жылы

ауылдық округке 100 жыл толады деген сөз.

Бұрынғы тұрғылықты халық көшпелі болғандықтан, Дегерес ұлы жүз қазақтарының мекені еді. Жер жағдайына байланысты Дулат, Шапырашты, Ыстырулары көшіп-қонып жүреді. Шөптің шұрайлылығы мен малға жайлылығы аталмыш мекеннің қыстауы мен жайлауының арасының қашық болмауына септігін тигізген. Алайда, XX ғасырдың бас кезінде Жетісу өлкесіне Ресейден жер аударылғандар жайылымдық жерлер мен егінге құнарлы алқаптарға орналаса бастайды. 1910 жылы Верный уезіндегі шенеуніктер өздеріне мал бағатын жер іздейді. Осылайша, Дегересте шаруашылық ашуға шешім қабылданады. Отставкадағы патша офицерлері: Брызгалов, Гофман, Булиннің малдарын бағуға жергілікті тұрғындар жалданатын заман болған. Дегерестің қазан төңкерісінен кейін, біз көрсеткен дата бойынша Жетісудағы тұңғыш шаруашылық болып құрылуына Ораз Жандосов пен Павел Виноградовтың еңбегі бар.

«Дегерес» жылқы заводы

Дегерес ауылындағы Оспанхан Әубәкіров атындағы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Тульбаева Ләззат шәкірттерімен «XX ғасырдағы Дегерес» деген тақырып бойынша ғылыми ізденіс жасайды. Олар архив деректерінен 1928-1931 жылдардағы кәмпескелеу кезіндегі



Оңалсын Сатыбалдиев

Қалибай, Дүрпейіс, Сейіт, Байтеке сияқты байлардың жылқысының ішіндегі асыл тұқымдылары “Дегерес” шаруашылығына берілгенін анықтайды. Демек, бұл аймақтағы жылқы тұқымының асылдық қасиетке ие екендігі бағзыдан-ақ жолға қойылғанына көз жеткізу қиынға соқпайды.

1936 жылы жылқылар жайлаудан түскен қыркүйек айында Дегереске Илияс Жансүгіров пен Жамбыл Жабаев келеді. Жамбыл ақынның Мәскеуден орденмен оралған кезі екен. Қасында ұлы Тезекбай да болыпты. Меймандарға совхоз директоры Ф.Г.Рябиничев күрең жорға сыйлаған екен. Алайда, Жамбылдың ұлы Тезекбай күренді асау аттың қасына байлап, ол теуіп аяғын сындырып алған екен. Жамбылдың Дегереске келгендігін Ф.Г.Рябиничевпен түскен суреттер дәлелдей алады.

Ауылдың тұрғыны Оңласын Сатыбалдиев ақсақалды сөзге тартқанымызда, қария расында кәмпескелеу арқылы алынған жылқылардың арасынан жүйріктер шыға бастағанын айтты. Нақтырақ айтсақ, 1929 жылы «Дегерес» жылқы асылдандыру заводы болып құрылады. Соғыс жылдары жылқы заводы атты әскерге арнайы әскери жылқы дайындаумен айналысқан.

тарих тұнған — ДЕГЕРЕС

«Заводтың “Тибет” деген айғыры бар еді. Сол өлгенде Алматыдан ақ халатты 8 адам келді. Ол кезде баламын. Өлгілерді өз көзіммен көрдім. 1941 жылы соғыс жүріп жатқанына қарамастан, арнайы бір вагон жалдап, Дегереске ағылшын жерінен 2 айғыр әкелінген екен. Бір айғырдың аты “Девиз” болатын. “Девизден” 1943 жылы “Даяр”, 1945 жылы “Дар” деген айғырлар гуды. “Даярдың” шешесі осы дегерестік



Арасандағы бассейн

торы қасқа бие болатын. “Даяр” 300 шақырымдық жарыста бірінші келген, ал “Дар” Қазақстан бойынша чемпион атағын алған. “Даярдың” жасаған халықаралық рекорды 28 жыл бойы жаңармай тұрды. Дегерестің тарихында 300 шақырымдықта бірінші келген 4 айғыр бар. Кейінгі жылдары Дегерестің жылқыға қатысты ахуалы қым-қуыт болып кетті. 1954 жылы «Рославль» совхозының бөлініп шығуына байланысты, ол жаққа 2500 жылқы берілді. “Дегерес” зауыты қоймен айналысуға бет бұрды. 1964 жылы ғана Нәркен аға қайта асыл тұқымды жылқыларды жинастырып, бапкерлер бөлімін ашып, барлығын ретке келтірді», – дейді Оңласын Сатыбалдиев қария өткен күндерді еске түсіре отырып.

Арасан шипалы бұлақтары

Тұрғылықты халық шипалы бұлақтың қасиетін есте жоқ ескі замандардан-ақ білген. Қазбек бек Тауасарұлының «Түп-тұқияннан өзіме шейін» деп аталатын тарихи еңбегінде Арасан бұлақтарын «Алым бұлағы» деп көрсетеді. Жаудан жараланған қазақ әскерлері сол жерге барып шипа табатын болған. Бүгінгі тілмен айтқанда, Алым бұлағы әскери госпитальдың қызметін атқарған. Накты географиялық атауы – Жаманты минералды сулары. Онда 4 км тереңдіктен, 1 км-ге жуық жерден бор қабатынан өтіп қайнап, сүзіліп, жылы күйінде шығатын бұлақтар бар. Қысы-жазы 27°C жылылықта болады. Бұлақтың бірнеше көзі бар. Шамамен бір тәулікте 8 тонна су шығады. Ішкі ағзаларға өте пайдалы. Жараны тез жазып жіберетін қасиетімен елдің есінде қалған. Бесмойнақ ауылының тұрғыны, Сұңқар ауылындағы орта мектепте тарих пәнінен сабақ беретін мұғалім Жанұзақ Нұқановтан білгендерімен бөлісуін өтінген едік.

«Арасанның басына барып, бөпелі болуды тілеген келіншектер көп ұзамай құрсақ көтереді. Түсіп шығу жолы мен судың және табиғаттың, сенімнің әсерінен тілек қабыл болып жатуы мүмкін. Әйтеуір, «Арасанға түнеп жүріп көтерген балам еді» дегенді біз жақтан жиі кезіктіруге болады. Осыдан 5-6 жыл бұрын бейіт аралап жүретін өзге ағымдағылар Арасанымызға залалын тигізе жаздады. Ел арасына «Арасан деген ол – ата, Қорасан – оның бауыры. Мұнда олардың бейіті бар» деген аңыз таратып жіберді. Шипалы бұлақтарға кіреберіске

«Арасан-Қорасан бабалар қорығы» деп жазу да жазып қойды. Адастырғыштарға ергендігіміз сонша, Бесмойнақтағы мешіттің аты қазір “Арасан Ата” деп аталады. Негізі Арасан – шипалы су дегенді білдіреді. Қазақ жерінде ондай орындар көп қой. Қапал арасан, Алма арасан, Ыстық арасан сынды шипалы жерлердің аты секілді, біздің бұлақтардың да емдік мәніне қарай Арасан деген ел арасындағы дәрежесі болған. Ал Қорасан деген қыстау қораларына жақын бұлақтар. Арасанға ұйқастыру үшін солай аталып кетіп отыр. Жаздың ыстық кезінде тау қойнауына, шипалы бұлаққа 120 адамға дейін келеді. Ел арасында судың киесі мен иесі бар деген ұғым қалыптасқан. “Жылы

Ә.Жангелдиннің атына беруді ұйғарады. 1922 жылы Ащықайнар деген жерде алғашқы мектеп ашылады. Кейін ол мектепті осы Бесмойнаққа көшіреді. Қазір аталмыш ауылдағы мектеп Ә.Жангелдиннің атында. Соғыс жылдары Алматыдағы зауыттарға жұмысшы күші жетіспей, орыстар көшіп кетеді. Содан бері ауылда қазақтар тұрып жатыр. Тәуелсіздік алғаннан кейін ауылға бұрнағы тарихи атауы берілген. Ауыл жоғарыда айтып өткен екі өзеннің атымен аталған. Бұл атау ұзақ болған соң, үлкен өзен – Бесмойнақтың аты таңдалынған. Тау аңғарындағы ауылда ескі үйлер жоқ. Жаңа мектеп пен балабақша салынған. Найманбай

орталығынан 60 шақырымдық қашықтықта жатыр. Округтің халық саны – 4024 адам. Ірі қара мал саны – 7490, қой мен ешкі – 42706, ал жылқы болса – 1800 бас. Ауылда асыл тұқымды жылқы ұстайтын қожалықтар бар. Негізінен мал және егін шаруашылығымен айналысады. Жастар ауылға спорт зал мен мәдениет үйінің қажет екенін айтып, ұсыныстарын жеткізді. Тұрғындар ауылға қарай келе жатқан газ желісінен үмітті. «Енді сол мәдени ошақ болса, бізде барлығы бар», – деген ойларын жеткізіп жатты.

Дегерес ауылдық округінің аймағында өмір сүріп жатқан халық үшін таңба салынған тастарды көру таңсық емес. Күркіреу, Дегерес, Бұғымүйіз сайларынан тастағы суреттерді көп кезіктіруге болады. Мұның өзі арнайы зерттеуді қажет ететін тарихи қазыналар деп қарастыруға тұрарлық. Себебі, Қасымхан Бегмановтың «Этнографпен әңгіме» деп аталатын кітабында Жағда Бабалықұлы Жамбыл ауданындағы тастардан көптеген тарихи дерек табуға болатынын айтып кеткен. Өзі Майтөбе жайлауынан тапқан тасты Ы.Дүкенұлы атындағы мұражайға табыстаған. Таста домбыра тартып отырған адамдар бейнеленген. Осы тас арқылы домбыраны зерттеушілер ұлттық аспаптың тарихын арыға қарай қозғалтқан еді. Егер таудағы өзге де суреттерге мән берілсе, тағы да дерек көздері шығар ма еді деген ойда қалдық. Бесмойнақ, Сұңқар, Қарааршаға алып баратын жолдар былтыр ғана күрделі жөндеуден өткен. Кеңсай ауылының тұрғындары өздеріне қарай көлік жүретін жол түссе деген ұсыныс-тілектерін жеткізді. Шағын ауылдың оқушылары Сұңқар ауылындағы мектептен білім алады. Сондай-ақ, округтің орталығы Дегерес ауылының жолдары күрделі жөндеуден өтіп жатыр. Дегерестің мектебіне барып оқитын оқушылар мен ата-аналар Бұлақ ауылы мен Дегерестің арасындағы қатынас жолы жөнделсе деген ниеттерін білдірді.

Таудың саф ауасымен тыныстап, мамыражай тірлік кешіп отырған округ тұрғындары тарихи һәм киелі жерлерімен мақтанады. Тұмса табиғаттың өзімен қоян-қолтық араласатын ұрпағымыз ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өсетініне сенімдіміз дейді. 70 жастағы Рәзия Кенжебекова өз сөзінде: «Дүниеде оп-онай жеңіс жоқ. Егер біздің елдің жер көлемінің кеңдігі алғашқы ондыққа кірер болса, ол үшін қаншама тер төгіліп, қаншама боздақ қыршын қиылды? Санына жету мүмкін емес. Ел Президенті Н.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» деп бастама көтергеніне қатты қуандым. Біздің ауылдың балалары аттың құлағында ойнайды. Алыстан-ақ жүйрікті жазбай таниды. Жазда бие байлап, қымыз ішеміз. Таулы жердің табиғатын таза ұстап, аң-құсын аялап отырмыз. Жаңғыру деген осы. Шынында да рухани жаңғыруды табиғаттан, туған жерден бастау керек. Себебі, біздің қазақтың көшпелі мәдениеті адамгершілік межесімен қарайтын болсақ, өте жоғары болғандығын байқаймыз. Көштің өзіне күл қалдымай, қокысын шығарып, төрт түлік малының иесі мен киесін ескеріп отырған. Міне, қазақтың осы мінезін біз шынында да ұрпақ санасында жаңғыртуымыз керек», – деген ойын жеткізді.

Ат құлағында ойнап, сайын даланың төсін саз балшықтай илеген батыр бабалармыздың ат үстіндегі мәдениеті ұмытылмауы тиіс. Сондықтан жылқы асылын көзінің қарашығындай қастерлейтін өлкені ат үстіндегі мәдениеттің этно орталығына да айналдыруға болатынына көзіміз жетіп қайтты. Суы мөддір, ауасы таза, шөбі шүйгін өлкенің асауы ауыздықпен алысып, тұлпары желмен жарыса алатыны – жазылмайтын заңдылық іспетті.

Айнұр ТӨЛЕУ.

Архив дерегі

СКОТОВОДЧЕСКИЙ ПОКАЗАТЕЛЬНЫЙ УЧАСТОК
«ДЕГЕРЕС» СЕМИРЕЧЕНСКОГО ОБЛАСТНОГО ОТДЕЛА
ЗЕМЛЕДЕЛИЯ

Хутер Дегерес

Аулсовет № II

Тайтаринский волости

июль 1918-1920 год

ПЛЕМЕННОЕ ЖИВОТНОВОДЧЕСКОЕ ПОКАЗАТЕЛЬНОЕ
СОВЕТСКОЕ ХОЗЯЙСТВО «ДЕГЕРЕС» СЕМИРЕЧЕНСКОГО
ОБЛАСТНОГО ОТДЕЛА ЗЕМЛЕДЕЛИЯ.

су хауызының бас жағында тәжді жылан бар, ал тауда киелі түйе жүреді» дегенге халық сенеді. Тәжді жыланды көрген адам сырқатынан айығады, боталы түйе көрсе де жолы ашылады деп жатады. Сондықтан келушілер бұл аймақтың аң-құсына тиіспейді. Арасанға қатысты аңыздың шығуы – осы аймақты таза ұстап, табиғатты аялау мақсатында туған деп есептеймін. Егер Арасанға қатысты аңыздарды жинақтайтын болсақ, оның өзі де айтарлықтай әдеби мұра болар еді. Қыста суының алыстан буы бұрқырап көрініп жатады. Суы қатпайды. Тауда кішкене үңгір бар. Енді мұсылман болған соң, бір жерге намаз оқу керек қой. Сол үңгірді мешітке айналдырған болу керек. Тастарында қола дәуірінде өмір сүрген тайпалардың салған суреттері бар. Демек қола дәуірінде де адамдар сол жерді білген», – деп тарихшы өзі білетін ақпараттармен бөлісті. Бұл аймақтағы орта ғасыр дәуірінің археологиялық ескерткіштер кешенін өлкетанушы В.В.Сараев ашқан. Суықтөбе жонының солтүстік баурайындағы кешенді 2005 жылы А.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының Алматы барлау экспедициясы зерттеген болатын.

Бесмойнақ ауылының тарихы

Ауылда Бұғымүйіз және Бесмойнақ деген таудан келетін екі өзен бар. Бұрын ол Қонаға дейін барып қосылатын болған. 1909 жылы Сергей Минин деген кісі 30 отбасы орыстарды көшіріп алып келген. Орыстар егін мен ағаш егіп, жағдайлары жақсарған соң, ауылдарын әлгі Сергейдің атымен Сергеевка деп атапты. Ал жергілікті халық көшпелі болғандықтан бір ауылда тұрақтап отырмаған. 1932 жылғы халық қатты қырылған ашаршылықта тірі қалғандарды күштеп алып келіп, Сергеевкаға қоныстандырады. Осы жылы ауылға Әліби Жангелдин келеді. Колхоздың мән-мағынасын халыққа түсіндіреді. Ол кеткен соң, тұрғындар құрылған колхозды

батыр ұрпақтары да осы ауылда тұрады.

Сұңқар ауылының пайда болуы

Ауылға Сұңқар деген атау тәуелсіздік алғаннан кейін берілген. Таудың ең төбесіндегі үңгірлі тас – Сұңқар тас



Жанұзақ Нұқанов

деп аталады. Алыстан қарағанда әлгі тас көктен жерге құйғытып келе жатқан сұңқар құсына ұқсайды екен. Ауыл 1944 жылы сталиндік тәртіпке байланысты еріксіздер тұратын мекен болған. Ондағы жер аударылған шешендерге ауылдан 3 шақырым қашықтықтан ұзап кетуге тиым салынған. Жер аударылғандар осы тау қойнауында қатаң бақылауда болған. Шешендер ол ауылда 1990 жылға дейін өмір сүрген. Тәуелсіздік алған соң, олар көшіп кетіп, ауылға Түрікменстан казактары көшіп келеді. Ауылдың соңғы он жылдықта бой көтерген үлкен мектебі бар.

Қазіргі тыныс-тіршілік

Дегерес селолық округіне 5 елді-мекен кіреді: Дегерес, Бесмойнақ, Бұлақ, Қараарша, Сұңқар. Дегерес ауылы аудан

ЖУСАНЫ ЖЕЛМЕН БИЛЕП, ӘН ТЕРБЕГЕН

Жылбек Тоқтасынов – 1972 жылы Көкқайнар ауылында туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетін бітірген. Республикаға танымал жыршы, ақын, сазгер. Қазақстан Республикасы “Мәдениет саласының үздігі”, “Тоқтоғұл Сатылганов – 150” медалінің иегері. Жастайынан Сүйінбай мен Жамбылдың, Үмбетәлінің кәусар жырымен сусындаған дарынды өнерпаз қазір “Таңбалы” тарихи-мәдени және табиғи қорық мұражайының жасаушы қызметкері.



АЛЫПТАР МЕН АСЫЛДАРЫМ

Алла берген абыройың бақыт кой,
Бақытыңды тек дұрыстап танып кой.
Ақындар мен баатырлардың елі деп,
Жазылуы саликалы салмақты ой.

Бұл өлкеде ақыным бар Сүйінбай,
Айтқан сөзі қара дауыл құйындай.
Ұшқан құсты асырмаған басынан,
Бабасынсыз сөз сөйлемес сиынбай.

Жырларымен гүлдендірген өлкесін,
Халқы қалай ұмытады еркесін.
Жамбыл болып қалың қазақ танылды,
Қымтап жауып қара өлеңнің көрпесін.

Ен даланың қалқанына айналған,
Шыбын жаны ат үстіне байланған.
Қарасайдай бабамыз бар баһадүр,
Жауларына күш қайраты қайралған.

Жаны жайсаң жандардың бұл мекені,
Әр ісінде елдің қамы ертеңгі.
Қонағына төрден орын ұсынып,
Мінісімен дайын тағы шекпені.

Шапырашты біздің ата тегіміз,
Жомарттық пен мәрттік ұлы сертіміз.
Алыптар мен асылдарым осында,
Көрем десең есік ашық еркіңіз.

Ұлы жүзден басталады тамырым,
Ұлылықты осыдан-ақ танығын.
Мақтанышым – Суықтөбе, Майтөбе,
Жалғастырған Алатаудың айбынын.

Екей баба, Ескожа нар тұлғалым,
Анық екен ұл мен қызды туғаның.
Барлығы да барған жерде бас болып,
Жығылған жоқ әлі күнге туларың.

Асылым бар, Шыбыл баба, Ыстым бар,
Қандай болсын абыройлы іс қылар.
Айқым баба арыстары әйгілі,
Қара жерден айға қарай ұмтылар.

Шапырашты Дулат баба егізім,
Бөлінбесі белгілі ғой еншіңнің.
Албан, Суан бабалардың ұрпағы,
Бірлесіп ап көтереді ел жүгін.

Айта берсем арыстарым аз емес,
Жиналғанда жасамайды құр кеңес.
Қарасайдың төрт баласы төбедей,
Қызыры мен қыдыры да кем емес.

Ардақтаған атқа мінген ұлдарын,
Салмақтаған саликалы қыздарын.
Жай қазанның қамы үшін ойланбай,
Ойластырғын төбе астында қыр барын.

ПЕРИЗАТЫМ

Көктемдей күлімдеген, күлкің бар айдай әсем,
Кезіккен сәттерімде, жан жоқтай сенен бөтен.
Түрленген қыр гүліндей, өзгеше ерек сезім,
Тек саған жарасқандай бар әлем дөңгеленген.

Жастық-ай жасырынған, бойыңа от беретін,
Көзіңе көрсеткендей әлемнің кереметін.
Бұлбұлдар ән салғандай самал леп өзің жақтан,
Аққайың ағашы да еріксіз тербелетін.

Оюлап хатқа жазған, сиядай төгілесің,
Бұрымың жотаңдағы белгіңдей берілетін.
Ынтыққан қос жүректі арнаға тоғыстырған,
Көктем-ай құдіретті сен неткен кереметсін.

КӨКПАР

Әне кетті, әне кетті, қараңдар,
Көк серкені жанына алып жануар.
Үстіндегі палуаны кім екен,
Сәйгүлігі бардың мұндай бағы бар.

Уа, Аруақ деп атой салып барады,
Қаумалаған көкпаршылар жан-жағы.
Такымында бұлаңдаған көк серке,
Шабандоздың бағы менен базары.

Ілді әне, атбауырлап палуан,
Кемшілік жоқ ісінде бір табылған.
Арғымағы айла-тәсіл әдістің.
Бар сырына айнытпастан баулыған.

Қарап тұрып құмарың бір қанғандай,
Еріксізден басасың-ау айғайға-ай.
Қазағымның қанындағы қасиет,
Ризамын дәл осылай болғанға-ай!

ҚОС ҚҰЛЫН

Еркем-ау, еркелесең еміренем,
Күлкің бар күндей нұрлы күлімдеген.
Құмартып қызығамыз бал тіліңе,
Баураған баршамызды үніңменен.

Көзімнің ағы менен қарасындай,
Тағдырдың бізге берген бағы осындай.
Бірің ай, бірің күн боп көрінесің,
Қатар жүз өмір – өзен ағысына-ай!

Айтамын алғысымды Тәңіріме,
Нәр берген, егіз берген өміріме,
Балапан құлындарым аман болып,
Күн нұры ұяласын пәк жүзінде.

Ән салып, бірің жүрші биді билеп,
Қолтықтан бірің демеп, бірің сүйеп.
Ата-ана қуанышы болыңдаршы,
Сендердің саулықтарың үлкен құрмет.

ҰЛЫ ДАЛА ТАНБАЛЫ

Көсілтіп тұлпар жалын тартып мінген,
Баһадүр бабам кешті килы кезең.
Жасындай жарқылдаған алмас қылыш,
Сыр шертіп тұратындай осы өлкемнен.

Ұлы дала төрі мынау,
Аңырақай сыры боп соққан желі мынау.
Қойнауы қазыналы, жайлауы жазиралы,
Бәріне куә тастағы салған таңбалары.

Қопа мен Жартас, Еспе, Қаншенгелмен,
Таппасың мұндай өлке өзге төрден.
Қордайдан бастау алған кең жазықта,
Жусаны желмен билеп, ән тербеген.

Малына шөбі шүйгін, жайлы қыстау.
Көрген жан дейтіні анық оны рас-ау.
Тасы да таңбаланған киелі өлке,
Жайнай бер, жазиралы Қарабастау.

ДОСЫМ

Досым сенің наз көңілің көктемдей,
Түрленеді мейірімін төккендей,
Қолың ашық, жомарттық та бар сенде,
Көк тәңірім аманаттық еткендей.

Досым сенің достығың – бойтұмарым,
Досым сенің достығың – шын ұраным.
Қуансам да, мұнайсам да әрдайым
Қолын созар досым барын ұғамын.

Досым сенің жайдарлы осы мінезің,
Елестетер көкте күлген күн көзін.
Құшағыңда ойнақтаған сезім от,
Жанға дауа, дертке шипа әр сөзің.

Досым сенің айтарыңды айта алман,
Сендей мені жоқ-ау ешкім байқаған.
Егіз қозы секілденіп ержеттік,
Енді сол кез оралмайды қайтадан.

АҰБЫНЫ АЛАТАУДАҰ АСҚАҚ МАҒАН

Дүрбелең небір килы өтті кезең,
Дейді оны сұрастырсаң көне көзден.
Жазусыз, сызусыз сол замандарда,
Басқандай тайға таңба айтылды өлең.

Өлеңнің өрісіне шек келе ме,
Шірене бетіне айтса бектеріне.
Билеген Жетісуды Тезек төре,
Құдірет келтірмеген кектенуге.

Ақсұңқар құстай болып саңқылдаған,
Көмейде суырылып сан мыңдап ән.
Сүйінбай «Алтын дінгек» деген сөзі,
Әуезов аузынан жай айтылмаған.

Қызыры сұсты келген тік мінезі,
Талайды ойып жеген өткір көзі.
Женем деп желкілдеген Қатағанның,
Адыра қалған жоқ па айтқан сөзі.

Айтқанда сұңғыла ақын кең көсіліп,
Түйдегі сөздерінің тең шешіліп.
Жүйріктің жүйріктігі сол емес пе,
Шекара сызу шегін тұрған біліп.

Өлеңсіз мауқы бір сәт басылмаған,
Тұлпардың шабысындай тасырлаған.
Қызынып кең құлаштап сөйлегенде,
Басынан ұшқан құсты асырмаған.

Түзу жол сала білген ойпаң жерден,
Демеген мынау ақын қайдан келген.
Бақтарын сынамаққа талай мықты,
Келерін келіп алып жөнін білген.

Базарын ақындықтың таркатпаған,
Айбыны Алтаудай асқақ маған.
Ұшқыр сөз кең қиялды тылсым бір күш,
Естіліп тұратындай жан-жақтардан.

КӨКҚАҰНАР

Қазақтың кең ғой даласы,
Көкқайнар соның сағасы.
Жәнібек, Керей хандарым,
Ту тіккен төрге қарашы.

Алыстан тартқан ажары,
Өркімнің ауған назары.
Хандардың қаққан қазығын,
Жел тербеп әнге салады.

Көз тоймас менің көркемім,
Ыстық-ау әрбір дөң, белің.
Ауылым – алтын қазынам,
Көкқайнар менің мекенім!

Бабамнан мұра босаға,
Сақталған жері осы ара.
Үңгірлі тастан басталған,
Қозыбас тау тұр қасқа.

Ат қояр мұнда тегін кім,
Сертпенен бірге сенімім.
Үңгірлі өңір Үңгіртас,
Кіндігі дейді жерімнің.

Бал татқан суы бұлақтың,
Шөлінді басар ұзақ күн,
Көрген жан жүрер тамсана,
Төрі деп шіркін жұмақтың.

ҚАРҰЯҒА

Үлгі етіп айналаңыз,
Қаумалап кеңеседі.
Жауабын күрделі істің,
Сіз шешпей, кім шешеді.
Қарттықтың жолы осы деп,
Жантайып жата бермей,
Ордалы жұртымыздың,
Қамына кіріс енді.

Аталап немерелер
Мойныңа асылғанда.
Мәз болып мойындарсың,
Алдыңда қарттық барға.
Уа, шіркін! Қайран уақыт
Зырылдап тоқтамайды.
Ұл-қызың ата-ана боп,
Қалғанға шара бар ма.

Қартығың қазыналы,
Болсын тек төрден орын.
Қойныңа жазылғаны,
Өмірден алған ұғым.
Серілік сол кезеңдер,
Деніңе қуат беріп.
Қайсыбір шал болғанша,
Ақсақал ата болғын.

ӨТТІ ЖАСТЫҚ

Асау өзен ағысындай,
Өтті жастық зырылдап.
Көшедегі жолға сыймай,
Қыдырушы ек қолтыққа ап.
Қалды ма енді бәрі,
Қимастықпен қол бұлғап.

Сағынарсың сен де білем,
Балалықты бойжеткен.
Жақындаушы ек әрең-әрең,
Қай жан екен қол жеткен.
Бәрі қалды-ау есте,
Арман боп кеткен.

ӨТКЕНГЕ НАЗ

Жанымды менің жаз қылған,
Көңілсіз күні мәз қылған.
Ерке сол тәтті күндер-ай,
Қол бұлғап қалды артымнан.

Алысқа сермеп қолымды,
Ұзартқым келді жолымды.
Сокпағың сенің сан тарау,
Шаршадым іздеп жоғымды.

Сендіріп енді өзімді,
Арнадым көпке сөзімді.
Барлығын сызып өткеннің,
Мүмкін бе сүру өмірді.

Жылбек БӘШЕКҰЛЫ.

АНАҒА ТАҒЫМ

немесе ана мен бала махаббаты жайлы сыр



Сол кезде аласа бойлы, қызыл шырайлы әпкеміз көмбеге нан жауып, жер ошақтағы қазанға тамақ пісіріп жатады. Сары самаурын екі иінінен демалып тұрады. Аула тападай таза, ылғалдап сыпырылған.

– Қыз, кел ыстық күлшені әпкеме ала бар, – деп қатар-қатар тұрған көмбе нанды орап беретін. Ол кездің балалары ұялшақпыз қазір ойласам.

– Рахмет, – деп қоңыр сиырды алдыға сап қуа жөнелемін.

Бала болсақ та осы шаңырақтағы берекеді тірлікке қызығатынбыз. Үпір-шүпір балалардың дауысы да, бары да білінбейтін. Қаншайым ана балаларының тәрбиесіне сол кездің өзінде ерекше көңіл бөлген екен-ау бүгін ойласам.

Кітаптың алғы сөзінде жарықтық Қаншайым Досбайқызының күнделігінен (өз қолымен жазған нұсқасы да бар) мынадай жолдарды оқыдым.

«Біз екеуміз шаңырақ көтеріп, үй болып шыққанда үшеу едік. Өзі, мен, інісі. Сол кезде түс көрдім, түс құдайдың елшісі дейді ғой. Түсімде оның үйі бір өзекшеде. Киіздері алқа-салқа, есіктері ашық-шашық, бірақ үй бейнесін кереге, уық шыңырақ келтіріп тұр екен. Мен бір топ балаларға мынау Жібектің (Әпшеннің қарындасы) үйі ме деймін де, үйге қарай жүгіріп барамын. Сонда артымнан киім жұпыны, көртаң ер адам: «Ей, балам! Мә, мына үйдің кілті», – деп бір уыс кілт береді. Оны қалтама салсам, бауы ұзын, кір екен, бірақ мықты. Үйдің алды малдың қиынан аяқ алғысыз. Ауырып, ауруы дерттен жанына батқанда: «Сен көп жасайсың, біз балалы-шағалы боламыз және несібеміз мол болып өмір сүреміз», – деп, түс көргенімді айттым. Малдың қиы байлықтың белгісі дедім.

– Айтқаның келсін. Мен тірі тұрғанда сені ренжітпеймін, – деді. Айтқаның істеді.

Маңдайым күнге күйген жоқ, табаным жерге тиген жоқ. Ел жаяу жүргенде, жорға міндім, ел атқа мінгенде, “Волга” міндім. Барам десем, үйім дайын, мінемін десем, көлігім дайын, ішім десем, тамағым дайын, жатам десем, төсегім дайын болды.

Ал бір уыс кілім, балаларымыздың әрқайсысы бір-бір үйдің иесі болып, жеке-жеке үлкен шаңырақ болып отырғаны.

Жамбыл атамның оң босағасында 25 жыл отырдық. Біздің бағымызға қарай шаңырағымыз Жамбыл атаның мұражайының іргесінде орналасты. Жамбыл атаның өмірінің соңғы жылдарында дәмдес-тұздас болып, батасын алып өстік. Әкелерің есепшілік жұмысын сол ауылда істеді. «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», – деп Абай атамды айтқандай, мінезі биязы, істеген ісіне берік, көп ойлап аз сөйлейтін, еліне, туыстарына, жора-жолдастарына қадірлі жан еді. Жақсылықта тасымайтын, жамандықта жасымайтын.

Балаларымыз да Жамбыл атаның алма бағының ішінде асыр салып ойнап, алмасын жей жүріп, балалықтың бал дәуренін өткізіп ержетті.

“Аруақты жерден ат үркеді” деген, өз ауылымыз біз үшін өте қадірлі еді. Ол уақытта қазақтың ізет сактайтын, үлкендерді сыйлау, алдынан кесіп өтпеу, сөзін бөлмеу

сияқты салты қатты сақталған еді. Сол кездегі кісілерді құрметтеп сыйлағаннан шығар, ата-апалардың «Құдай сусыныңды қандырсын, қосағыңмен қоса ағар, бала-шағаңның қызығын көр» деген баталары қабыл болды. Әкелеріңмен жарылмаған жаңғақтай 60 жыл бірге бақытты ғұмыр кештік, үлгілі өнегелі отбасылы болдық.

Соғыс ардагері Әбдісағи 2002 жылы 80 жасында дүниеден өтті», деп түйіпті ойын.

Қаншайым Досбайқызының ерте тұрмыс құрмаса талай биікке қол жеткізетінін бұрын білмеген екенмін. Алматы қаласындағы сол кездегі №18 жалғыз қазақ мектебінде жазушы, қоғам қайраткері Балғабек Қыдырбекұлымен сыныптас болып, бірге оқыпты. Әрі кластағы үздік оқушы саналған. Жар сүйіп, балалы болса да ұл мен қыздарын тәрбиелей жүріп, күнделік жазуға да уақыт үнемдеген ананың қағылез, ұқыптылығына тәнті боларсың.

Мына жолдарды алайықшы:

«Әр баламның өмірі бір-бір дастан. Баламның үлкені Төлеген – үлкен отау.

Төлеген төл басым ғой дара туған,

Өзімен жақсылықты ала туған.

Жәкеннің ауылында үлкендерден,

Бата алып, білім қуған.

Болатхан – кіші отау. Мен көп құрсақ көтергенмін ғой. Осы Болатханымнан кейін балалар шетінемеді. Балалардың арасын жалғаушы дәнекерім.

Ауылдағы үлкен шаңырақта – Бақыт. Бақыт деген халық аузында жүретін бата сөз ғой. Әкең екеуміздің шаңырақ құрғанымызға 13 жыл болғанда туылған. Кішкентай кезінде сақау болған, дызыл түйме, дызыл мата деп қызыл нәрсеге көп қызығушы еді. Артынан қатарынан үш қыз дүниеге келді. Қыздарым Күләйхан, Нұрымхан, Нұрымжан. Қыз бала бейбітшілік құсы дейді ғой ата-бабалар.

Қыздарым – қызғалдағым, қызыл гүлім, Сендерге арналады өлең-жырым, Атандыңдар аяулы ана, міне бүгін, Қанша жасқа келсем-дағы өзім, міне, Естіледі сендердің құлағыма, Ингәлаған сәби үнің.

Қайрат қаладағы үйде. Қайратым – Ерғөстегім. Басқа балаларым – бір төбе, Қайратым – бір төбе. Кім Қайратты жақсы көреді, мен соны жақсы көремін.

Разымын жасаған бергеніне, Қызығын балалардың көргеніме.

Менен кім бақытты десе: «Ата-ананың құшағында өскен бала бақытты, баланың қызығын көрген ата-ана бақытты» дер едім. Мен бақытты өмір сүрдім» – деген жолдарды тербеніспен оқысың.

Иә, жыр алыбы Жамбыл тәтеміздің оң босағасында ширек ғасыр көрші болған, әрі ізетті келінге берілген ақ батамен көркейген Қаншайым ана отағасымен 60 жыл бақытты ғұмыр кешіп, 13 баланы өмірге әкеліпті. Балалары әкесі мен анасының «Алтын тойын» өткізді, баладай баптап бақты.

Әбдісағи аға Ұлы Отан соғысының ардагері, Алматыда құрылған панфиловшылар дивизиясының құрамында болған. 1942 жылы Мәскеу қаласы түбіндегі шайқаста жараланып, кеудесіне оқ тиіп елге оралады. Снарядтың сегіз грамдай жарықшағы жүрегіне сәл жетпей тұрып қалыпты. Қария сонымен тура 80 жасына дейін бірге өмір сүрген. Бұл

да Алланың қорғағаны. Әпкеміз Елбасының Жарлығымен омырауына «Алтын алқа» таққан және отағасының жаралы жүрегіне салмақ салмаған аяулы жары болыпты.

Енді Төлеген ағаның сөзіне құлақ түрейік.

«Анам (біз тәте деуші едік, жұрт Қаншай, Қаншайым дейтін) аласа бойлы, еті тірі, ештеңеден тайсалмайтын, ақты ақ, қараны қара деп тура айтатын, ата-бабаның салт-дәстүрін берік ұстаған, еңбекқор жан еді. Жүрегіне сенім ұялатқан, иманды, аруақтарға тәу етіп, сиынып, түс көріп, түстерін жақсылыққа жорып жүретін, дастарқаны жаюлы, көңілі дарқан, көкірегі көл, қолы ашық адам еді. Денсаулығы өте мықты болды. Жүз жасаған Жамбыл атамыздан «Бір ғасыр өмір сүруіңіздің құпиясы неде?» деп сұрағанда: «Дүние деп күймедім, Жамандықты сүймедім, Жолда жатқан біреудің, Алтынына тимедім» деген екен! Асыл анамыз қартайған шағында да «менде ешқандай ауру жоқ, тек кәрілік қана» дейтін. Дәрі-дәрмек дегенді білмей кетті. Бірде, өзін әрең көндіріп емханаға жатқызығанымызда дәрігерлер анда-мында әр жерін тексеріп қарауға сүйрей берсе керек. «Маза бермедіңдер ғой, немене, менің жанымды ауыстырып берейін деп жүрмісіңдер?! Жұлқылай бермей, одан да уақытымен дұрыстап шай бермейсіңдер ме» деп, екі аяқтарын бір етікке тығыпты. «Ойбай, апа, енді келмеңізші, жо-жоқ енді ауырмаңызшы», – деп медбикелер жалынғандай болыпты. Анамыз көзі жұмылғанша өзі тұрып, өзі жүріп, ешкімге масыл болмай, өз жағдайын өзі жасап, тіпті жаназаға қажетті ырым-сырымдарының бәрін дайындап кетіпті, жарықтық! Әкем дүние салған күннен бастап күнделік жазып жүрген екен.

Иә, әр адамның ғұмыры – жатқан тарих. Ал мына жасыл мұқабалы кітаптың алтынмен «Ханшайым» деп жазылған әр бетін ашқан сайын өнегелі, бақытты ғұмыр кешкен, қарапайым қазақ әйелінің өмірінен сыр төгіледі. Әйел бақытын алыстан іздемеген кейуананың қарапайым бейнесі көз алдында көлбенедейді.

Ана мен бала, ене мен келін арасындағы ыстық сезім, бірлік пен ынтымақ жайлы жазбалар көңіліңді көтереді. Мәселен ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Гүлмира Исимбаева Әбдісағи келіні Қаншайым әпкем жайлы «Атам – алтын қазығымыз, апам – берекеміз» деген тақырыпта ой жалғастырыпты.

«Атам мен апам барлық істі уақытында, орнымен жасайтын. Бірде Талдықорғаннан атамдардың үйіне келгеніміз сол еді, апам Рахат-Бидің аяғына ала жіп байлап, атам тұсауын кесіп, батасын берді. Біз ойлап үлгергенше, жұмыс та бітті, атамның батасын да алдық.

Сонымен қатар апам қол машинасымен тігін тігіп, отбасын, айналасындағыларды киіммен камтамасыз еткенінің қадірін жақындардың бәрі біледі және ол туралы айтып та, жазып та жүр.

1994 жылы ыссапармен Англияға бардым. Қыстың кезі болатын. Атам мен апам ағылшын жүнінен жасалған жемпір алып келдім. Ол кісілер сыйлыққа балаша қуанып, рақметін айтып, маңдайымыздан сүйетін. Ертеңіне барсам, әлгі жемпірдің жағасы бір бөлек, жеңі бір бөлек болып жатыр. Көңілім түсіп кетті.

– Апа, не болды, мынау сізге ұнамады ма? – деп сұрадым.

– Жоқ, шырағым, бұл маған кішкене үлкендеу екен өзіме шақтап, қайта тігіп жатырмын, – деді. Апамның тіккені Батыстың модельдері дайындаған киімнен кем болмады. Сол жемпірді апам көз жұмғанша тастаған жоқ десем де болады. Әр баласы мен әр немересінің үйінде апамның тіккен қамзол, киімдері мен көрпелері бар.

(Жалғасы 10-бетте).

(Соңы. Басы 9-бетте).

Төке екемізге, кейін Биекене де құрастырған жамылатын жүн көрпелері қазір өзі жоқ болса да, бізді жылытуда. Сол жамылғылардан ана мейірімі, апамның алақанының жылуы, жұмсақтығы сезілетіндей», – деп жазыпты.

Осының өзінен-ақ ақылман ененің мейірімді жақсы анаға, келіннің қайырымды сүйікті қызға айналуы екі жақтың пейіліне, ниетіне байланысты екенін көреміз. Бақытты отбасы болу үшін байлық маңызды емес. Жүректердің ұғысуы, тілектердің бірігуі маңызды. Көп балалы отбасындағы ұл мен қыз, немере мен шөбере өсіп, өнген. Мәселен, Рахат-Би Әбдісағинның фортепьяно мен симфониялық оркестрге арнап жазған алғашқы шығармасымен елді елең еткізген еді. Қазір 18 жастағы дарынды өрен қазақтың Моцарты атағын иеленген. Ол магистратуралық диссертациясын қорғап, Лондон мен Прагада, Вена мен Париж сахнасында өнер көрсетіп, халқының өнерін танытқан талантты жас. Осы әулеттегі әр шаңырақ әкелері мен аналарынан көрген ынтымақты, еңбекқорлықты ту еткен, бойларына дарытқан. Әкенің, ананың бақыты деген осы. Бұл қарапайым ғана ұғым. Бірақ оған жетудің жолы оңай емес.

Батырлар мен ақындар еліндегі ұлын ұяға, қызын қияға қондырған қызырлы әулеттің тағы бірі – соғыс ардагері Шаяхмет Ғайнанов пен Батыр Ана Сонымбүбі Құданалықызының отбасы. Олар Жамбыл ауылымен жалғасып жатқан Сұраншы батыр атындағы елді мекенде бар өмірін өткізген жандар. Бүгінде арамызда жоқ. Бірақ ұрпақтары әкелері мен аналарын жиі еске алады. Мемлекет және қоғам қайраткері, генерал-лейтенант Әділ Шаяхметов бастаған ұл-қыздары «Тағдырыма ризамын», «Ана туралы толғау» деген кітаптарын шығарып, оқырманға ұсынды.

Халқымызда «Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі» деген қанатты сөз бар. Осыған қарағанда, марқұмдардың рухы әлі де ұрпағымен бірге жасап, жадында жаңғырып келеді.

Мына беймаза тіршілікте адам Алланың қалауымен таң атырып, кеш батырады. Тағдырының сан тарау жолын артқа тастап, артына өшпестей із қалдырды. Сол сапарының қалай болатыны төккен теріне, қалдырған өнегеге, тәлім-тәрбие берген ұрпағың арқылы айнадағыдай көрінетіні заңдылық. Күйбең тірлікте оның байыбына кім бойлап жатады. Бірақ, елі мен жеріне қалтқысыз қызмет жасаған, қайырымды, мейірімді, иманды ұрпақ тәрбиелеген жандар жайлы жұрт пікірі тоғысқанда ғана еріксіз ойланасың. Өзіне өзін есеп беретін кез келгенін ұғынасың. Ал, оннан астам баланы өмірге әкеліп, оларды тәрбиелеп, оқытып, нағыз азамат қатарына қосу кез келген әкенің, әйелдің маңдайына жазылмаған бақыт және ананың отбасы алдындағы жауапкершілігіне адалдығы дер едім. Тіпті, Қаншайым мен Сонымбүбі аналар өмір сүрген өткен ғасырдағы ауыл тірлігін бүгінгімен салыстырсақ, жер мен көктей. Ол кезде тіршіліктің бәрі қолмен атқарылады, әрі адам күшіне тәуелді. Оған қоса бірі келіп, бірі кетіп жататын ағайын-туған, жегжат, көрші-қолаңға деген құрметті қосыңыз. Қыруар жұмыс. Десек те, олар бәріне үлгерді, бәрін де аса бір ынтызар ниетпен жалғастыра білді.

«Алтын алқалы», Батыр ана Сонымбүбі Құданалықызының өмірі тәрбие, тағылымға толы және кімге болсын ой салатындай. Өмірге он бір бала әкеліп, оларды шексіз сүйіспеншілікке, мейірімге бөлегені, білім алуына қамқор болғанының өзі Шуаш, Таңатар, Құдайберді, Медетбек тәрізді елінің ертеңі үшін тер төккен жүректі, білекті баһадүр батырлар шыққан табалдырықты оң аяғымен аттап, өзі бақытты болумен бірге әулеттің де шамын жаққанына баршаның көзін жеткізді. Қарапайым отбасынан мемлекет және қоғам қайраткері, бүгінде дүйім қазақ жұрты білетін ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетін

басқарған генерал-лейтенант Әділ Шаяхметов бастаған ұрпақтары батыр бабалары мен ата-анасының аруақтары алдындағы парыздарына адалдық танытып жүргені. Қыркүйек айының аяғында «Анаға тағзым» деген тақырыппен ел-жұртына үлкен кеш өткізуді қолға алып, немере, шөберелеріне дейін шапқылап жүр. Аналары бакилық болса да оның жарқын бейнесін ұмытқан емес. Тіпті, апамыз өмірге келген көршілес қырғыз жерінде де еске алу жиынын өткізді. Ал, менің қолымдағы «Ана туралы толғауда» ҚР Ішкі істер министрі, генерал-лейтенант Қ.Қасымовтың, Алматы облысының әкімі А.Баталовтың, Парламент Мәжілісінің бір топ депутаттарынан бастап, көптеген азаматтар Сонымбүбі ананың көзі тірісінде өткен 80 жылдық мерейіндегі құттықтауларындағы ыстық лебіздері Анаға деген құрметтің ерекше белгісі деуге болады.

Жас ұрпақ кімнен үлгі алады десек, осындай жақсы жандардың есімі еске түседі.

«Тау мен тау кездеспейді, адам мен адам кездеседі» деген. Әріптесім, жақсы әпкемнің бірі, Қазақстанның құрметті журналисі Мәкен Өсербаева жасы тоқсанның бесеуіне келген Нұрбүбі Медеуова жайлы бұдан бес-алты жыл бұрын айтқан әңгімесін естіп, шіркін, көп жасаған анамен пікірлессе деген ынтызарлық көңілімде болған еді. Қолыма «Нұрлы дүние – сырлы дүние» деген кітап түсті. Мұнда да ұзақ жыл жас ұрпаққа білім берген, Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің озаты, он бала өсіріп, «Алтын алқа» алған батыр ана Нұрбүбі Жұмағұлқызы Медеуованың өзінің өмірі, қоғам жайлы жазғандарын сүйсіне оқыдым. Сондай-ақ дәуір, уақыт тынысын тебірене айтып, айналасындағы жақын жандардың биік адамгершілігі, парасаттылығы мен жанашырлығына да тоқталады.

Адамның жүрегіндегі үміт отын үрлейді, адами қарым-қатынастың екі жаққа да байланысты екенін мойындатуымен құнды.

Отағасы марқұм Өміржан Медеуов 1939 жылы әскер қатарына шақырылып, кейін соғыста ауыр жараланып, 1942 жылы туған жер топырағына оралған. Сол жылы екі жас ата-аналарының батасын алып, шаңырақ көтереді. Содан жұптары жазылмай 60 жыл бірге ғұмыр кешкен жауынгер Өміржан атаның Ұлы Отан соғысындағы ерлігіне берілген «Ұлы Жеңіс» ордені 2008 жылы 63 жылдан кейін иесін тауыпты. Өкінішке қарай, ол кезде қарт солдат өмірден өткен екен. Сондай-ақ, соғыстағы ерлігінің белгісі «Ұлы Отан соғысы» ордені, «Германияны жеңгені үшін», «Ерлік пен батылдығы үшін», «Маршал Жуков», «Еңбек ардагері» тағы басқа марапаттары атаның өзі жоқ болса да, әженің кимас құжаты ретінде сақталған.

«Медеуұлы Өміржанның ақ босағасы маған бақ босаға болды. Атам Медеу – абыз да, енем – Ділда асыл тектілер екен. Мыңнан біріне бұйыра бермес бақ жұлдызым еді олар» деген Нұрбүбі ана әлі күнге осы сөзінен жаңылмай, қайталайды. Жасы бір ғасырға жуықтаса да әлі де тың, әңгімесі әсерлі. Көпті көргені, көңілге түйгені көп екенін бірден білесін. Аққудай аппақ болып, келіні Рая мен кенже ұлы Қыдыркелдінің құтты шаңырағында елдің, жердің, балаларының амандығын тілеп келеді.

Адамның шын ниетпен көңіліне алғанын Жаратқан қабыл етеді деуші еді үлкендер. Осы бір ақылман ананы көру маған да бұйырыпты. «Айналайын» деген ананың мейірімге толы сөзі, нұрлы жанары мен ақ жүзі табиғаттың тегін жаратпағанын сездіргендей.

Ұрпақ өсіріп, өркен жаямын деп алдына ұлы мақсат қойып, Алланың рақымынан үміт күткен әрбір адам отбасында балаларының көзінше балағат түгіл, жаман сөз де айтпауы керек. Алланың шын сүйген құлы болсаңыз, кісіге кіжінбеңіз, балаға да зекімеңіз. Жаратылысы жайдары ата-ананың балаларының да пейілі кең болады, деген адами болмысты берік ұстаған Медеу ата мен Ділда әженің өсиетін келін ретінде бұлжытпай орындаған Нұрбүбі апамыз бүгінгі шаттыққа толы өмірінің қазығын өзі қағыпты. Баһадүр батыр Қарасай бабаның ұрпағы апамызға

тегінде Жаратқанның ниеті түзу болған. Атасы мен енесі немерелері дүние есігін ашқанда есімін беруге де ерекше мән беріпті. Тұңғыш немересі аман-есен болсын деген ниетпен Аманкелді, сосын Есенкелді, Ханымбүбі, Ғауһар, Гүлнар, Үсенкелді, Рыскелді, Дәулеткелді, Қыдыркелді, Мейрамгүл болып, жалғастырып, жаулығының ұшына жақсы үміті мен бақыт кілтін бірге байлапты.

Бүгінде ұл-қыздарынан тараған 29 немере, жиырмадан астам шөбере, немене, ағайын-туыс, құдаларын қоссақ, үлкен бір ауыл. Балалары биіктерді бағындырған азаматтар, ең бастысы ата-ананың бетіне жел болып тимегендері. Сол бақытты, ынтымақты ту етіп жүргендер.

Саналы ғұмырының 35 жылын ұстаздыққа арнаған Нұрбүбі апа мыңдаған шәкіртті қанаттандырғанының өзі үлкен ерлік. Абзал ананың мерейіне орай ҚР Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев, мемлекет және қоғам қайраткері Бақыт Оспанов, қазақтың біртуар аяулы қызы Шәмша Беркімбаева, әнші Роза Рымбаева, тағы басқа абзал жандардың ыстық ықыласы адамды бей-жай қалдырмайды.

Адамды танудың, білудің жолы сан тарау. Соның ең негізгісі адами қасиет – кішіпейілділік пен кісілік. Әке мен апа қанымен берілген осындай Алланың сыйын Өміржан қарияның, Нұрбүбі ананың ұрпағына аямай бергені. Тіл, көзден сақтасын дейік. Өйткені, бүгінгі дүрбелеңге толы өмірде бізде бәрі бар. Тек адамдардың бір-біріне деген ізгілігі, жүрегіндегі жылылығы азайып, тіпті жоғалып барады. Барымыздан ажырамайықшы, деген ниетпен жоғарыдағы қарапайым ғана ғұмыр кешкен абыз аналар, марқұм Қаншайым Досбайқызының, Сонымбүбі Құданалықызының және бір ғасырға жуық өмір сүріп, арамызда жүрген апамыз Нұрбүбі Жұмағұлқызының өмірінен сырға, нұрға толы жолдарды оқырман назарына ұсынуды парыз санадым.

Отбасы шағын мемлекет деп бекер айтылмаған. Осы орайда Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың аналарға арнаған сөзі біздің ойымызды толықтырғандай. «Біз – ананы, әйелді әр уақытта құрметтеп, жоғары бағалаған халықпыз. Батыр аналарымыз ел басына күн туғанда ер азаматтармен бірге қолына қару алып, Отан қорғаған. Ел үшін ер азаматтармен бірге жауға шапқан Болай ханым, Хиуаз Доспанова, Әлия, Мәншүктер өшпес ерліктерімен елдің санасында қалғанын бәріміз жақсы білеміз. Қазақ әйелдерінің арасында зор құрметке бөленген үлкен аналарымыз Домалақ ана, Айша бибі, Айғаным ханша, Зере әжелеріміз парасаттың символы болып саналады. Бүгінгі Қазақстан әйелдері – сол парасатты жалғастыратын, аңызға айналған аналарымыздың жолын жалғайтын ізбасарлары. Біз әрқашан «Әйел – үйдің қазығы» деп әйелін құрметтеген халықпыз. «Қыз өссе елдің көркі» деп қызын құрметтеген халықпыз. Ұлы Далада қилы заманнан келе жатқан игі дәстүр қазір де жалғасуда.

Біз – тәубесінен жаңылмаған елміз. Барды бағалап, көздің қарашығындай сақтай білген халықпыз. Әрі қарай да осыны сақтай білуіміз керек. Тату елде тақсірет болмайды», – деп қадап айтты. Бұдан асырып не айтамыз.

Болашақ қыздарымыз бен келіндеріміз Ана, әйел бақытына бөлену үшін жоғарыдағы Батыр аналар айтқан өмірлік мұратты ұмытпасак, қане. Қазақ халқы «Босағаң берік, шаңырағың биік болсын», деген. Лайым елімізде осындай бақытты отбасылар қатары өсе берсін деп тілейік.

Суреттерде:

1. Ақылман ана, марқұм Қаншайым Досбайқызы.
2. Батыр ана, марқұм Сонымбүбі Құданалықызы.
3. Батыр ана Нұрбүбі Жұмағұлқызы.

**Күмісжан БАЙЖАН,
Қазақстан Республикасының
Мәдениет қайраткері,
Жамбыл ауданының
Құрметті азаматы.**

Мүгедектер мен қарттар басты назарда

(Жалғызбасты қарттарға үйде әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің 2017 жылғы шілде және қыркүйек айы аралығында атқарған жұмысы туралы)

Бөлімше есебінде – 131 қарттар мен мүгедектер бар. Оның 15-і мүгедек, 116-ы қарт. Жалпы бөлімшенің штаттық кестесіне сәйкес: бөлімше меңгерушісі – 1, айқындау және бағалау жөніндегі әлеуметтік қызметкер – 1, әлеуметтік қызметкерлер саны – 21, жүргізуші – 1. Жыл басынан 12 мүгедектің жеке жұмыс жоспары өзгертіліп, 3 мүгедекке қайта құрылды. Қарттардың да жеке жұмыс жоспарлары қайта қаралып, жыл басынан есепке алынған 9 қартқа жаңадан жеке жұмыс жоспарлары жасалды. Облыстан келген хаттарға уақтылы жауап беріліп отыр. Тоқсан сайын мүгедектермен жұмыс істейтін әлеуметтік қызметкерлердің жұмыстары қорытындыланып, мониторинг жүргізіліп отыр. Ай сайын әлеуметтік қызметкерлердің әлеуметтік қызметтерді есептеу журналдары жинақталып, тексерілді.

Аудандағы үкіметтік емес секторларды дамыту жол картасын жүзеге асыру мақсатында Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде дөңгелек үстел өтті. Іс-шараға мүгедектер ісі жөніндегі аудандық үйлестіру кеңесінің мүшелері, үкіметтік ұйымдардың басшылары, бөлім қызметкерлері, мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары мен жалғызбасты қарттар қатысты. Дөңгелек үстел туралы мәлімет аудандық «Атамекен» газетінде 20 тамыз күні №34 басылымында жарияланды.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің 26.06.2017 жылғы хатына орай ауданда бірқатар жұмыстар, іс-шаралар ұйымдастырылды. Бөлімге хат түскеннен кейін ішкі істер бөліміне хат жолданды. Жұмыс жоспарына қарттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін іс-шаралар ұйымдастыру қосылды. Әрбір қызмет алушыларға, әр әлеуметтік қызметкерлерге Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі депутаттарының көтеріп отырған Алматыдағы ұйымдасқан қылмыстық топ туралы, қарт адамдар мен мүгедектердің мүліктерін зорлық-зомбылықпен қол қойдыру және қасақана өлтіру жолымен заңсыз иемдену туралы хабарлама жасалынды.

Тамыз айының 1-де ішкі істер бөлімінің жергілікті жердегі ауыл учаскелік полиция қызметкерлерімен, әлеуметтік қызметкерлермен бірлескен дөңгелек стол ұйымдастырылды. Жалғызбасты қарттардың проблемалары туралы айтылды. Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету алдыңғы қатарға қойылды. Жұмыс барысында тығыз әріптестік орнату мақсатында учаскелік полиция инспекторларымен әлеуметтік қызметкерлер байланыс номерлерімен алмасты.

Құрбан айт мерекесі қарсаңында «Жан» ЖСШ директоры Жүсіпов Жанжігіт Байжігітұлына жалғызбасты қарттарға үйде әлеуметтік қызмет көрсету және әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшесінің есебінде тұратын Қарғалы ауылы, Ө.Бейсеуов көшесі № 6 үй, 7 пәтер тұрғыны, 2 топ мүгедегі Антонова Тамара Эльбагиевнаның үйіне газ түсіруге көмек сұралып хат жазылып, үйіне тегін газ түсіруге ықпал етілді. Материалдық жағдайы төмен 5 қарттың Құрбан айт мерекесінде ет алуына ықпал жасалды. Одан бөлек Ұзынағаш ауылының жаңа мешіті Қайназар ауылының тұрғыны Досбаева Турниса апамыз бен Ұзынағаш ауылының тұрғыны Ашимов Абдрашитке ұдайы көмек көрсетіп отыруға ықпал жасады. Бөлімшеде есепте тұратын 2 мүгедек: Әлішева Ұлжалғас пен Дүйсебаева Бағдагүл 24 тамызда арнайы Жамбыл ауданынан барған мүгедектермен бірге Астанадағы ЭКСПО-ға барып көрмені аралап, ұмытылмайындай әсер алып қайтты.

12 қыркүйек 2017 жылы ҰЕҰ: «Ақжамбы» мүгедек-балалар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің басшысы Керімбаев Хасен Умирханович, «Ұзынағаш» мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің басшысы Асқарова Гүлзат Мұғалімбекқызы, «Жамбыл ауданының әйелдерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігінің басшысы – Альжанова Галина Георгиевна, «Жамбыл аудандық мүгедек спортшылар федерациясы қоғамдық бірлестігі» басшысы С.С.Мұстахимовтың және жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі мамандарының қатысуымен «Әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін әрі қарай тереңдете жаңғырту тұжырымдамасын» ауданда енгізу туралы дөңгелек стол ұйымдастырылды. Қарттарға арналған өз бетінше тұру шағын орталықтарын ашу туралы ҰЕҰ ұсыныстар беруге түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, бөлім басшысы Ж.Қарымбаев ҰЕҰ басшыларына үлкен үміт артып отырғандығын жеткізіп, бірге жұмыс жасауға шақырды.

Қазіргі уақытта 1 қазан – Қарттар күні және 8 қазан – мүгедектер күніне орай мерекелік іс-шаралар ұйымдастыру жұмыстары атқарылып жатыр.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі.

ЕЛ ЕСІНДЕГІ АБЫЗ ҚАРИЯ



Құрметті азаматы. Елі үшін еңбек еткен мемлекеттік қызметтің мәртебесімен мерейін арттырған танымал тұлға. Бірнеше жыл Жамбыл ауданының әкімі болып, Алматы облыстық білім басқармасының басшысы қызметін абыройлы атқарды. Тұрағалды жеңгеміз екеуі ұл мен қыздан

немере сүйіп, құда-жекжатымен сыйласып, бақытты ғұмыр кешіп келеді.

Баққожа, Кеуерхан, Дәлелхан мен Болатхан да үйлі-баранды, өсіп-өнген отбасылар. Немерелерінің жақсылығына куә болып, әкелері Естен ақсақалдың атын шығарып, дәулетін шалқытуда. Өсіп-өнген бұл әулеттің Тұрағалды, Сәуле, Сәбира, Ләйла атты келіндері өзара ырысты ынтымақтары жарасып, өзгелерге үлгі-өнеге болуда. Ұлдар мен қыздардың, ізетті келіндердің өз ортасына сыйлы, қадірлі болуы, әрине, Естен ағамыз бен Әуейхан апамыздың тәлімді тәрбиесінен екені айдан анық.

Естен әкеміз бала жасынан алғыр, малсақ болып өскендіктен де болар, атакәсіп шопандықты қалап, ақтылы қой бағуды қолға алған еді. Содан Ұзынағаштағы сол кездегі Ленин атындағы колхозда қой бағып, атакәсіптің абыройын арттырды. Ұжымшардағы озат шопандардың қатарын толықтырып, төл алуда алдыңғы қатарлы озат шопан болды. Малшылардың жылдағы Жартаста өтетін шопандар тойында бәйге алып, ұжымшар мақтанышына айналып, ел алдында мерейі өсті. Менің Әкем Асқар мен Естен немере ағалы-інілі бауыр болатын. Араларынан қыл өтпейтін тату еді. Екеуі де екі әулеттің ақылшысы болды.

Өлі күнге дейін есімде, 1961 жылы біз сол кезде Шолаққорған ауданына қарасты Созақта тұрдық. Ал Естен әкеміз болса Жамбыл ауданы Ұзынағаштағы Ленин атындағы колхозда қой бағып, шопан болған кезі. Содан Естен әкеміз бауыры Асқарды Созаққа іздеп барып, хал-жағдайын біліп, ақыры көлік апарып, 1967 жылы қасына көшіріп әкеліп, қой бағып шопан болуына көмектескен болатын. Бұдан байқайтынымыз, Естен әкеміздің бауырмалдығы, туысқа деген жүрек жылуының мол екендігі, қарымды қамқорлығының арқасы деп білемін. Осылайша, Асқар мен Естен әкелеріміздің жұптары жазылмай бірі аға, екіншісі іні ретінде өзге туыс-бауырларға үлгі-өнеге бола білді. Бұдан соң, Естен Сейдәліпұлы “Беріктас” қой совхозында ақтылы қой өсірумен тұрақты айналысты. Ұлы Баққожа да ел дәулетін еселеп, мал шаруашылығын дамытуға өз үлесін қосты. Озат шопандар көшін бастады. Ал, менің әкем Асқар да осы совхозда қой бақты. Екеуінің, яғни, аға мен інінің іргесі бөлінген жоқ, жайлауы мен күздеуі, қыстауы мен көктеуі бір болды. Ал, 1979 жылы әкем Асқар сол кездегі “Дегерес” асыл тұқымды жылқы зауытына ауысты. Ал, Естен әкеміз сол “Беріктас” совхозында қалды. Бәрібір бір-бірінен бөлінген жоқ, қайта сыйластығы жарасып, туыстықтың туын жықпады. Осылайша, Естен Сейдәліпұлы “Беріктас” қой совхозында озат шопан атанып, еңбегінің өтеуі қайтып,

абырой-атаққа қол жеткізіп, зейнеткерлікке шыққан еді. Мағыналы ұзақ ғұмыр кешіп Әуейхан Жүнісқызы анамызбен ұлағатты ұрпақ өсіріп, немере, шөбере сүйген болатын. Бірден имандылыққа ұйып, бес уақыт намазын оқып, жастарға ақылын айтып, оларға тәлімді тәрбие берді.

Асыл текті анамыз Әуейхан болса менің шешем Әсем Ыдырысқызымен әпкелі-сіңлілiдей сыйласты. Өзара абысын болып, бір-бірін ерекше құрметтеп жүретін аяулы жандар еді. “Абысын тату болса, ас көп...” деген халық даналығы осы екі шешемізге арналып айтылғандай ма дерсің. Әуейхан ана қайынағасы Асқарға сәлем салып, «Жәке» деп атын атамайтын. Әке-шешелеріміздің өзара сыйластығына көпшілік риза болып, бәрекелді десетін.

Естен ағамыз бен Әуейхан анамыз 75 жыл мәнді де сәнді жарасымды ғұмыр кешті. Ұрпақ өсіріп, ақылман қария, данағой асыл ана болды. «Өмір барда қаза бар...» дегендей, өткен жылы 98 жасқа иек артып, Естен әкеміз өмірден озған болатын. Асқар таудай әкеміздің өсиетті сөзін, бәйтеректей саялы өзін сағынып жүрміз. Менің әкем Асқар 2001 жылы қайтыс болды. Сонда бауырын соңғы сапарға арулап аққа орап, құран оқып шығарған да осы Естен інісі болатын. Енді міне, ардақты ағасынан 16 жылдан соң келмес сапардың кемесіне мініп кете барды. Балалары мен жапырақ жайған ұрпағы туған-туыс, бауыр, құда-жекжаты Естен Сейдәліпұлымен қоштасып, мәңгілік мекені жер қойнына табыстады.

Ал биыл маусым айында Әуейхан анамыздан көз жазып қалдық. Біздер үшін орны толмас ауыр қаза болғаны анық. Осылайша, қос бірдей арысымыз Естен әкеміз бен Әуейхан анамыз мәңгілік жер бесіктен орын алды. Токқожа ағамыз бастаған балалары ағамыз бен анамыздың гранитке аты-жөнін жазып, үлкен күмбез орнатып, игілікті істің басын құрады. Сонымен бірге ардақты әкені еске алып, құран бағыштап ас берді. Бұл да болса, әке-шешенің рухына деген құрмет болса керек.

**Сіз барда жүрдік біздер арқаланып,
Ақ батамен сіз берген алқаланып.
Ағамыз деп құрметтеп өзіңізді,
Еркелейтін немерелер ортаға алып.**

**Алланың жазуына шара бар ма?
Өлмесе қайда кеткен бабалар да.
Қамқор болып жүретін ұрпағына,
Әкенің жөні бөлек-ау балаларға.**

**Биік еді үлкендік шоқтығыңыз,
Еңбексіз болмағанды бос күніңіз.
Ойсырап тұр орныңыз өмірдегі,
Көңілге мұң түсірді жоқтығыңыз.**

**Ұсынамыз әке деп төрді кімге,
Өзіңізді еске алып ел білуде.
Арқа сүйеп жүруші ек өзіңізге,
Әке деп біз барамыз енді кімге?**

**Мінгеніңіз пейіште пырақ болсын,
Ұстағаныңыз қадірлі әке, шырақ болсын.
Жаннаттың қақпалары сізге ашылып,
Жатқан жер жайлы,**

тұрағыңыз жұмақ болсын.

Тұрсынжан АСҚАРУҰЛЫ.

Біздің абзал досымыз, осыдан тура жиырма жыл бұрын қаскөй қаракшылардың қолынан қапыда қаза тапқан республикаға белгілі атбегі, жаны жайсаң азамат Тимур Мұсаханұлы Молдағожин тірі жүрсе елу бес жастан енді асар еді. Ол 1962 жылы шілденің 30-да Дегерес ауылында туған, 1997 жылы қыркүйектің 17-де мезгілсіз мерт болды.

ПЫРАҚ МІНІП ПЕЙІШТЕ ЖҮРГЕН ШЫҒАР...



Отыз бестен асқан дер шағында арманда кеткен асыл азамат ерекше жомартжанды еді. Ол кіммен болсын тез тіл табысатын, жұрттың бәрін өзіне ағайын етіп алатын. Алыс-беріске келгенде түйесін де, биесін де аямайтын қолы ашық, жүрегі кен, жаным дегенге жанын үзіп беруге әзір тұратын өте көпшіл болды. Кейде жылқы үшін өзара араздасып қалатын біздің қызба мінезді жігіттер арасындағы бітімгерлігі мен мәмілеге жүйріктігін қалай ұмытайық.

Ел тәуелсіздігінің елең-алаңында ұлттық ат спорты мен көкпар сайысын дамытуға зор еңбек сіңірді. Қазіргідей емес, өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының ішінде көкпарға лайықты ат табу да оңай соқпайтын. Сонда марқұм Ануар Ибрагимов пен Тимур екеуінің, қазір ағамызда жүрген Тайман, Нұртаз, Бөкейхан Қадиров, Жарқын Аманқұлов сынды азаматтардың додаға лайық ат іздеп, талай дүбірлі сайыстарды жанын сала ұйымдастырғаны есімізде. Нағыз сайыпқыран жігіт еді Тимур. Көршілес Жамбыл және сол кездегі Талдықорған облыстарын былай қойғанда, Қырғызстандағы, Жезқазғандағы, Шығыс Қазақстандағы, Арқадағы ағайын Дегерестің аты аталса, ең алдымен Тимурды сұрайтын. Өйткені жүйрік жылқының тілін жетік білетін, тіпті тұлпар болар құлынды енесінің құрсағында жатқанында ажырата алатындай қасиетке ие Тимурдың орны бөлекше еді.

Осындайда мына бір оқиға еріксіз еске түседі. «Дегерес» асыл тұқымды жылқы зауытының сол кездегі директоры, марқұм Жеңгіш Сапаев бірде «Талисман» атты асыл тұқымды көк айырды қартайды деп, етке өткізбекші болады. Сонда осы зауыттың жылқышы Тимур оған жата кеп жабысып, «орнына басқа бір семіз жылқы берейін, ағатай, мына «Талисманды» етке өткізе көрме» деп алып қалады. Осы «Талисманның» тұқымынан кейін жер апшысын қуырап небір жүйріктер шықты. Солардың ішінде Тимурдың өзі жеке тізгінін ұстаған «Дауылпаз», «84», «17», «Магазин» атты бәсіре жүйріктері болды. «Талисманның» бір тұқымы Дүниежүзі қазақтарының І-ші Құрылтайында бас бәйге алса, бірі Сыпатай бағырдың айтулы жиынында топ жарды. Бұдан басқа да байталдары мен құнандарынан Құлагер текті пырақтар өскеніне біз куә. Олардың атын атасақ, «Садақ», «Даяр», «Алабайрақ», т.б. деп тізбелене береді. ЮНЕСКО шеңберінде тойланған ұлы Абайдың 150 жылдық тойында, жыр алыбы бағамыз Жамбылдың 150 жылдық мерейінде Тимурдың ұлы бәйгені ұйымдастыру үшін күн демей, түн демей көп еңбек сіңіргенін де көзіміз көрді.

Иә, осындай жақсы жігіт өтті біздің өлкеде. Жатқан жері жарық болсын. «Орында бар оңалар» дейтін халқымыздың ұлағатты мақалына бас иеміз. Тимурдың да арты жақсы. Дидар мен Ардақтай екі ұлы, Динара мен Аяулымдай екі қызы, жан жары Шолпан оның асыл рухын еске алып ас беріп жатыр. Туған-туыстары мен біз сияқты етжақын достары олардың осы ниеті қабыл болсын дейміз.

Біз тірі жүргенде Тимур досымыздың аруағы еш ұмытылмайды. Ол осындай құрметке барлық жағынан лайық тұлғалы азамат болатын. Пырақ мініп пейіште жүрген шығар дейміз...

Атбегі достарының атынан:

**Орынтай ӘМІРҒАЛИЕВ,
Ғабит ҚҰРАЛБАЕВ.**

Тұмаудан сақтанайық

Дәрігер кеңесі

Тұмау тыныс жолының вирусты жедел аурулары тобына жатады. Солардың ішіндегі ең қауіптісі – осы тұмаудың вирусы. Бұл сырқат тыныс жолына басқа сырқаттардан да қатты тиеді, асқынған кезде одан айығу қиын. Тұмау көктем, күз айларында жиі кездесетін, өте жұқпалы әрі қауіпті ауру.

Тұмау – кез келген адамның жасы мен жынысын талғамстан, бәріне бірдей жұғатын ауыр вирусты инфекция. Оның кейде эпидемия апатына айналып кететін кездері болады. Тұмау вирусы өте тез тарайды. Сол кезде көптеген адамдар жаппай сырқаттанады. Әсіресе, А-түрі болған тұмау жиі кездеседі және тез тарайды. Ал, В түрі сирек кездеседі, онымен көбінесе жас балалар ауырады. А,

В, С, – олар әртүрлі факторлардың әсерінен өзгеріп, тұмау вирусының жаңа түрін түзуі мүмкін.

Инфекцияны қоздырушы – тұмаумен ауырған адам. Аурудың жасырын кезеңі 1-4 күнге созылады. Тұмау дене қызуының 38-40°C⁰ көтерілуімен, қысқа мерзімді қалтыраумен, басы ауырып, тыныс алу жолдарының қабынуымен сипатталады, жөтел қосылады. Егер адам мезгілінде дәрігерге көрінбесе, екінші бір аурудың пайда болуына әкеп соқтырады. Тұмау ауруымен сырқаттанған адам жөтелгенде, түшкіргенде вирус ауаға тарайды да сау адамдарға жұғады. Сосын ауру адамның ескіден келе жатқан созылмалы ауруларын қоздырып, асқындырады. Кейде ауырған адам халі нашарлап, жүрек, өкпе қабынуы мүмкін.

Демек, тұмауға жеңіл ауру деп қарамай, одан сақтанған жөн. Ауру басталған күнен бастап 3-4 күнге дейін қауіпті, яғни басқа адамдарға сол аралықта жұғады. Сол үшін сырқаттанған адам ауруын басқаларға жұқтырмау үшін дәрігерді үйге шақырса, бұл аурудың кен таралуына жол бермеудің шарты, әрі аурудың тез сауығуына себебі болады.

Наукас адам жатқан бөлменің ауасын күніне 3-4 мезгіл желдетіп отыруы керек. Таза ауа сырқатқа да және басқаларға да пайдалы. Ауруы бар үйдің шаң-тозаңы жиі сүртіліп тұруы керек. Сырқаттың ыдыстарын, орамалын, бір қайна-тып барып жуған дұрыс. Қайнаған суда тұмаудың қоздырғыштары тез жойылады. Тұмаудан сақтанудың бірден бір көзі, ұзақ уақыт таза ауада жүріп, спортпен шұғылданған дұрыс. Тұмау және жігіт респираторлық вирустық жұқпалы аурудың алдын-алу негізінде спецификалық әдіс,

ол – екпе егу болып табылады. Уақтылы жасалған егу жұмыстары аурудың алдын алудағы ең бір тиімді шара болып есептеледі. Қазіргі кезде қазан айынан бастап ауданымызда осы уақыт ішінде адамдарға ақысыз егу шарасы басталады, оның ішінде жүкті әйелдерге, жиі ауыратын балаларға жасалынады. Тұмауға қарсы егу дәрігердің тексеруінен және берілген рұқсатынан кейін арнайы кабинетте жүргізіледі. Ауруды емдеп жазғаннан гөрі, алдын алған тиімді болмақ. Сондықтан тұмаумен науқастанған адам уақытында медициналық көмекке жүгінгені жөн.

**Зинаш КҮШТЕКОВА,
Жамбыл аудандық
қоғамдық денсаулық сақтау
басқармасының басшысы, м.ғ.к.
Мираш САТОВА,
Жамбыл аудандық
қоғамдық денсаулық сақтау
басқармасы эпидемиология
бөлімінің бас маманы.**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК КҮЗЕТ ҚЫЗМЕТІ



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін күштерге жататын, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметімен Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының функцияларын атқаратын, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін арнаулы мемлекеттік орган.



ҚР Мемлекеттік күзет қызметі, бұл:

- Астана мен Алматы қалаларында элиталы арнаулы бөлімшеле әскери қызмет өткеру;
- мерзімді қызмет аяқталғаннан кейін ҚР МКҚ-де келісімшарт бойынша әскери қызметшіні немесе қызметкер болып қызметті адам әрі өткеру мүмкіншілігі болып табылады.

ҚР Мемлекеттік күзет қызметіне әскерге шақыру жөніндегі өтінішті:

- тұрғылықты жері бойынша Қорғаныс істер жөніндегі департаменттерге (Әскери комиссариаттарға) беруге болады;
- Астана қаласы, Кенесары көшесі, 26-үй мекенжайы бойынша орналасқан ҚР МКҚ Кадрлар департаментіне хабарласуға болады.
тел: 8 (7172) 748-507, 748-550, 748-555, www.sgork.gov.kz



ЕГЕР ДЕ СІЗ ЕРЖҮРЕК МІНЕЗДІ, БОЛАТТАЙ ҚАЙРАТТЫ ЖӘНЕ ТУЫСТАРЫҢЫЗ ҮШІН МАҚТАНЫШ БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ, ОҢДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭЛИТАЛЫ АРНАУЛЫ БӨЛІМШЕСІНДЕГІ ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТ СІЗДІ КҮТІП ТҰР

Х А Б А Р Л А Н Д Ы Р У

Республикамыздың барлық өңірінде ағымдағы жылдың 15 қыркүйегі мен 20 қазан ара-лығында ҚР Мемлекеттік күзет қызметінің қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің қатысуымен жас сарбаздарды әскерге шақыру науқаны өтеді.

Бойында қырағылық пен батылдық, ерлік пен жігерлі қасиеті бар, сондай-ақ, бойы 180 см. кем емес,

дене болмысы шымыр келген, моральдық-психологиялық тұрғыдан берік, жан-жақты білімімен ерекшеленетін ер жігіттер Отан алдындағы борышын, Елбасының және өзге де күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету сынды маңызды миссия міндеттелген, еліміздің элиталық әскери құрылымдары «Айбын» және

«Батыр» Президенттік полктерінің қатарында атқаруға ниет білдірсе, төмендегі мекенжай бойынша келуге асығыңыздар. Астана қаласы, Кенесары көшесі, 26 үй мекенжайы бойынша орналасқан ҚР МКҚ Кадрлар департаментіне хабарласуға болады. Тел: 8 (7172) 748-507, 748-550, 748-555, www.sgork.gov.kz

СҮЙІНШІСІ БАР!

SONGBUI. ZAYIDENG №E34344055 және MALATTI ZAYIDENG-нің атына берілген №E55816356 Қытай төлқұжаты жоғалды. Тауып алып қайтарғандарға сүйіншісі бар. Тел: 8-702-670-67-66 хабарласыңыздар.

ГРАНИТ ТАС ҚАЛДЫҚТАРЫ САТЫЛАДЫ

Қазыбек бек бекетінде орналасқан «Күрті» тас өңдеу зауыты гранит тас қалдықтарын арзан және тиімді бағамен сатады. Гранит тас қалдықтары аулаға төсеуге және іргетас (фундамент) күйғанда қолдануға қолайлы. Тел: 34-0-18, 87771390506.

ПРОДАМ

Готовый бизнес. 2-Сауны «Дос», (русская, халал), Магазин с площадью 24 м/2. Площадь участка 10 соток. Кирпич, своя скважина, газ, свет, вода, центральная канализация, теплый пол, полный пакет документов. Рассмотрим все варианты. Находится по адресу: с.Узынагаш, ул. Байтерек 36. Контактные телефоны: 87471158108, 87752710795.

ҮЙ САТЫЛАДЫ

Үмбетәлі ауылында 4 бөлмелі, моншасы мен мал қорасы, жаздық ас үйі бар, гаражымен үй сатылады. Жер көлемі: 0,2092 га.
Тел: 8 778-631-08-63, 8 705-196-89-56.
* * *

Ұзынағаш ауылы, орталық көшеде 1 бөлмелі пәтер сатылады. Газ бен орталық су жүйесіне және интернетке қосылған. Қыста жылы, жазда салқын, тұруға өте ыңғайлы. Көңілдеріңізден шығады. Телефон: 87477407001.
* * *

Ұзынағаш ауылы, Спиваков көшесіндегі №25 «Б», толық бітпеген, 2 әшекейленген үлкен ағаш балконы бар (9 және 8 м), орталық күре жолға (Сүйінбай көшесі) 50м-дей жақын орналасқан 2 қабатты үй сатылады. Балабақша, мектеп, дүкендер жанымызда. Көшеге газ және су құбыры тартылған. Бағасы келісімді.
Телефон: 8 701 425 53 60.

ЖЕР ТЕЛІМІ САТЫЛАДЫ

Жамбыл ауданына қарасты Қарасай ауылында 1 гектар жер (бөлінеді) телімі сатылады.
Тел: 8-777-702-80-76, 8-707-971-12-71.

• Құрылтайшы:
– Жамбыл ауданының әкімдігі

Меншік иесі: “Жамбыл Атамекен” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Директор-бас редактор
Рәтбек ТЕРЛІКБАЕВ

Бос лауазымға орналасуға конкурс жариялау туралы хабарландыру

Жамбыл ауданының білім бөлімі:
Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, 47 үй, тел: (72770) 20125, факс: 22671 «Алматы облысы Жамбыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Сүйінбай атындағы орта мектеп Үшбұлақ бастауыш мектебімен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры – бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- 1) білімі – жоғары және жоғары білімнен кейінгі білімнің болуы (педагогикалық немесе бейіні бойынша)
 - 2) педагогикалық жұмыс өтілінің бес жылдан кем болмауы немесе білім беру ұйымының бейініне сәйкес білім беру ұйымдарында немесе ұйымдарда басқарушылық қызметте жұмыс өтілінің бес жылдан кем болмауы;
 - 3) Жоғары немесе бірінші біліктілік санатының болуы;
 - 4) үш жылдан кем емес педагогикалық салада әкімшілік жұмыс тәжірибесінің болуы немесе білім беру ұйымының бейініне сәйкес білім беру ұйымдарында немесе ұйымдарда басқарушылық қызметте жұмыс өтілінің бес жылдан кем болмауы;
 - 5) облыстық білім басқармасының кандидатура бойынша келісімінің болуы;
- Атқарушылық міндеттері:** мектеп директорының лауазымдық міндеттеріне сәйкес.
Қызметтік жалақысы – 60 347 теңге
Конкурстың өту орны: Жамбыл ауданының білім бөлімі – Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, 47, 2-қабат.

Өткізу күні – хабарландыру шыққан күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кейін.

Конкурсқа қатысушылар төмендегі құжаттарды білім бөлімінің кадр бөліміне өткізуге тиіс:

- 1) қоса берілетін құжаттардың тізбесі көрсетілген конкурсқа қатысу туралы өтініш парақ (нақты тұратын мекенжайы мен байланыс телефондарын көрсету қажет);
- 2) нотариалды куәландырылған жеке басының куәлігі немесе төлқұжатының көшірмесі;
- 3) нотариалды куәландырылған білімі, біліктілігі туралы құжаттар;
- 4) нотариалды куәландырылған еңбек кітапшасының көшірмесі;
- 5) бұрынғы жұмыс орны кадр қызметі куәландырган фотомен кадрды есепке алу жөніндегі жеке парақ;
- 6) бар жазалар мен көтермелеулерді көрсете отырып, бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік мінездеме;
- 7) нотариалды куәландырылған бар біліктілік санат немесе ғылыми дәрежесі туралы құжат көшірмесі;
- 8) медициналық куәландырудан өту туралы құжат;
- 9) сотты болмағандығы туралы анықтама.

Құжаттарды қабылдау: хабарландыру шыққан күннен бастап **15 күн**. Жамбыл ауданының білім бөлімі – Ұзынағаш ауылы, Абай көшесі, 47, 2-қабат. Байланыс телефоны: **20125**.

СРОЧНО!

Продам дом 2 уровня 129 кв.м. в с.Узынагаш с зем.участком 13,5 соток. В доме имеется: газ, свет, вода, телефон также хоз. постройки, сад. Рядом две школы, больница, центральная улица, тихий двор. Цена 15 500 000 тг. Торг уместен.
Тел: 87762462324.
* * *

Продается дом с мебелью в с.Кайназар, ул.Школьная №3. Цена 5000000 тенге, торг уместен. Тел. 8708772288.

МАЛШЫ КЕРЕК

“Жанатас” шаруа қожалығына тез арада малшы керек. Малшының отбасы және жеке өз малы болса да қарсы емеспіз. Айлық еңбекақысы келісімге сай төленеді. **Байланыс телефондары: 8 747 745 64 51, 8 707 877 36 30 Ықыласбек.**

АҚШАЛОВА Салтанат Ержігітқызы

Қыркүйектің 19-на қараған түнде белгілі кәсіпкер, Жамбыл аудандық мәслихатының депутаты Салтанат Ақшалаова жол апатынан қайғылы қазаға ұшырады.



Салтанат Ержігітқызы 1978 жылы қаңтардың 21-де Ынтымақ ауылында туған. Гуманитарлық университетті қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген соң Халықаралық кәсіпкерлер академиясында кәсіпкер мамандығын игерген ол өзінің іскерлігі мен ерекше ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында өмірде өрелі жетістіктерге қол жеткізді. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының белсенді мүшесі, «Сангейт» ЖШС-нің директоры болды. «Сұңғатсервис» ЖШС-нің директоры ретінде аудан орталығында «Mozzarella» атты караоке-бар ашты. 1996 жылдан бастап «Қағанат Сервис» ЖШС-де әртүрлі жауапты басшылық қызметте жүрген Салтанат Алматы қаласы мен Жамбыл ауданында барлығы 600-ден астам адамды тұрақты жұмыспен қамтыды. Көптеген қайырымдылық қорлардың белсенді мүшесі көптеген адамдардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға айтарлықтай үлес қосты. Отбасында аяулы жар, ұлы мен қызын мәпелеп өсірген өнегелі ана еді.

Тағдырдың ісіне шара жоқ. Салтанаттың мезгілсіз келген қайғылы қазасына қабырғамыз қайыса көңіл айтамыз. Оның жарқын бейнесі туған-туыстары мен жерлестерінің жадында сақталады деп сенеміз. Жатқан жері жайлы болсын, пейіште нұры шалқысын.

Ж.Е.Далабаев, С.М.Жұрып, Ж.Т.Шажабаев, Ә.Қ.Абаев, Н.Е.Ертас, Қ.Қ.Айтжанов, Д.Т.Шалтабаев, А.Е.Нұрпейісов, Е.Қ.Қасымов, Е.Әбдікерімов.

Жамбыл аудандық «Атамекен» газетінің ұжымы белгілі кәсіпкер, аудандық мәслихаттың депутаты

АҚШАЛОВА Салтанат Ержігітқызының мезгілсіз қазаға ұшырауына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарының жан газетіміздің жанына, ел азаматы Керім Ақшаловтың орны толмас қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ЕСКЕ АЛУ



Үмбетәлі ауылының тұрғыны, қадірлі сыныптас досымыз **САРМАНБЕКОВ Серік Рахымұлының** 28 қыркүйекте қайтыс

болғанына 40 күн толады. Жан досымызды сағынышпен еске алып, рухына құран дұға бағыштап, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын дейміз.

Дос едің бәрімізге қадірі мол,
Жүректе жігітке тән жалыны мол.
Өмірден ерте оздық аяулы дос,
Жақсы едің, бойда өнер, дарыны мол.
Ліліңді ерте ажал құрығына,
Жете алмай шаттық ғұмыр қызығына.
Өзінді сағынумен жүр ғой бүгін,
Ауылдың бірге оқыған қыз-ұлдары.
Көзге жас алдық достар көңілі толқып,
Қолдан басқа не келеді бұдан артық.
Мәңгі сені есімізден шығармаймыз,
Пейіште жатқын, Серік, нұрың шалқып,
– деп еске алушылар: Әлия, Әтіркүл, Гүлнәр, Гүлнәр, Күләйхан, Майра, Сәттігүл, Мұхтар, Қанат, Ерлан, Өмішхан, Әлімхан, Мұрат.

• Газет – 2015 жылғы қарашаның 16-да Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі, байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы № 15705-Г Куәлігі берілген.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: 040600, Ұзынағаш ауылы, Мақатаев көшесі, 164 «А» үй. Телефондар: бас редактор – 2-44-28, бас редактордың орынбасары – 2-44-29, жалпы бөлім – 2-44-25, есепші – 2-44-27, факс-8 (72770) 2-44-28
Электрондық пошталары: Atameken1932@mail.ru
• Таралымы – 4658 дана. Тапсырыс – 38
• Индексі – 62264. Көлемі – 3 баспа табақ.
• Газет аптасына бір рет, сенбі күні шығады.
• Суреттердің сапасына редакция жауапты.

• Жарнама, хабарландыру берушілер оның мазмұны мен мәтіні үшін өздері жауапты.
• Автордың пікірі – редакцияның түпкілікті көзқарасы емес.
• Газет редакцияда компьютермен теріліп, «Алматы – Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында офсеттік тәсілмен басылады.

Тел: 378-42-00, факс:378-36-76.
Алматы қаласы, Сәбит Мұқанов көшесі, 223 «Б».